



www.jasqazaq.kz

vk.com.jasqazaq

Jasqazaq

Жас қазак



JAS QAZAQ

ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ, АҚПАРАТТЫҚ-ТАНЫМДЫҚ, АҚПАРАТТЫҚ-САРАПТАМАЛЫҚ ГАЗЕТ

Газет
2005 жылдың
7 қаңтарынан
шыға бастады

№50

(830)

11 желтоқсан

2020 жыл

ТҮЙІН

АҚТӨБЕДЕ

ҮЛГЕРГЕН АЛДЫ, ҮЛГЕРМЕГЕН ҚАПЫ ҚАЛДЫ

Біздің басылым ауылдағы мал өсіріп отырған шаруаға берілетін субсидия туралы талай жазды. Әсіресе, қорасында қойы, өрісінде сиыры бола тұра, мемлекеттен берілетін көмек ақшаға бірде-бір рет қолы жетпеген шаруаның жанайқайы туралы көп айтылды. Әкімдікте таныс-тамыры бар кейбір пысықтардың қорасында тышқақ лағы болмаса да, жоқ малына ақша алып жүргенін де жеткіздік. Бүгінгі әңгіме де сол сарындас.



Ақтөбе облысының әкімдігі шаруаларға субсидияны дұрыс бөлмей, бастары дауға калыпты. Олар мал азығына бөлінген 3 жарым миллиард теңгенің ұшық-ұшығын шығарған көрінеді. Өйткені әңгімеміздің басында айтқандай, «ебін тауып, екі асағысы» келген кейбір шаруа субсидияны молынан қарпып қалу үшін қорасындағы мал басын көбейтіп көрсетіпті.

Ал шенеуніктер берілген ақпаратты тексермей, өтініш жазғандарға бюджет қаржысын ұстата бергенін кеш түсініп отыр. Сондықтан субсидия беру кілт тоқтап, тексеру басталды. Жемшөптің ақшасын алып үлгермегендер әкімдікке баса-көктеп кіріп, шу шығарды.

Айтпақшы, Ақтөбе облысы еліміз бойынша малдың жемшөбіне субсидия бөлген жалғыз өңір екен. Биыл облыстық бюджеттен 3 млрд 400 млн теңге бөлінген. Мол қаржыдан өңірдегі 6 мың шаруа қожалығының тек сегіз жүздейі ғана несібесін алыпты. Ал наразы топ — сол ақшаға қолы жетпей қалғандар. Субсидия ала алмағандардың айтуынша, мұндай батпан құйрықты әкімдіктің назарында жүретін ірі шаруа қожалықтары ғана қанжығасына байлаған көрінеді.

(Жалғасы 3-бетте)

АШЫҚ ӘҢГІМЕ

Жуырда «Оқулық» республикалық ғылыми-практикалық орталығы мен Бас редакторлар клубы арасында меморандумға қол қойылды. Құжат оқулық сапасын жақсартуға бұқаралық ақпарат құралдарының да атсалысуын көздейді. Жалпы, оқулық жазу, оны баспадан шығару қай кезде де, қай елде де өзекті. Кез келген бала үшін білім бастауы – «Әліппе». Алайда «Әліппесіз» әріп таныған бір буын өсіп жатыр қазір. Бұл – ұрпақтың жан жарасы, қоғамның үлкен қателігі. Дегенмен, келер жылдан бастап жоғалтқанымыздың орнын қайтадан толтыруымыз мүмкін? «Әліппе» мен «Ана тілі» қайтадан мектеп бағдарламасына еніп, оқушыға оралатын болды. Бұл туралы осы орталықтың басшысы бізге берген сұхбатында жан-жақты айтып берді.



Ғани БЕЙСЕМБАЕВ,
«Оқулық» республикалық ғылыми-практикалық орталығының директоры:

ОҚУШЫНЫҢ ҚОЛЫНДА САПАЛЫ ОҚУЛЫҚ БОЛСА, МҰНДАЙ ОЙ ТУМАС ПА ЕДІ?

Jas qazaq: Ғани мырза, келесі жылдан бастап «Әліппе» мен «Ана тілінің» қайта оралатынына қуанып отырмыз. Бірақ ол қандай «Әліппе», қандай «Ана тілі» болады? Бұрынғы оқулықтар сипатында ма, әлде жаңадан жазыла ма?

Ғ. Бейсембаев: Заман ағымына орай әртүрлі кезеңдерді бастан кешіріп, дамып келе жатқан білім беру жүйемізде «Әліппенің» алар орны ерекше. Әліппе – тарих елегінен өтіп, ұлтпен бірге жасасып келе жатқандықтан, символдық мәнге ие оқулық десек, артық айтқандық емес. Алдымен оқулық жазудың негізгі темірқазығы болып есептелетін «Әліппе» мен «Ана тілі» пәндерінің үлгілік оқулық бағдарламалары Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясында әзірленді. Бағдарлама жасауда ғалымдардың, озық ойлы педагогтердің, қоғам қайраткерлерінің талқылауынан өтіп, пікірлері ескерілді.

Жаңа оқулықтың қай бағытта жазылатыны туралы білім және ғылым министрі Асхат Аймағанбетов мұғалімдердің өткен жылғы тамыз мәслихатында хабардар еткен болатын. Ол өз сөзінде «Әліппе» оқулығы 2021 жылы өздеріңізге жақсы таныс қазақ тіліне бейімделген Ахмет Байтұрсынұлының әдістемесі негізінде енгізіледі. Біз қазір осыған байланысты жұмыс жүргізіп жатырмыз» деген болатын. Міне, содан бері ұзақ уақыт бойы оқу бағдарламасы ғылыми-педагогикалық және қоғамдық талқыдан өтіп, бірнеше рет қайта пысықталып, бекітілді.

Қазіргі таңда оқулық әзірлеуші баспалар осы бағдарламаға сәйкес «Әліппе», «Ана тілі» оқулықтарын әзірледі. Оқулықтар «Оқулық» орталығына ғылыми-педагогикалық сараптамаға және арнайы іріктелген республика бойынша пилоттық мектептерге сынақтан өткізуге жіберілді. Бұл жолы оқулықтарды ұзақ жылдан бергі тәжірибесі бар, арнайы оқыту курсынан өтіп сертификат алған мамандар жазды.

(Жалғасы 6-бетте)

ТҮЙТКІЛ

КІМ ҰТАДЫ, КІМ ҰТЫЛАДЫ?

(ШЕНЕУНІКТЕР КӘСІПКЕРЛЕР АРҚЫЛЫ ТАБЫС ТАБАТЫН
МІНСІЗ БИЗНЕС ОЙЛАП ТАПТЫ)



Жұмыстың алғашқы жылында-ақ 2000 пайыздан астам табыс. Мәдениет және спорт министрлігі мінсіз бизнес ойлап тапты. Шенеуніктер елдің төлем нарығы мойнына мінетін және біздің әрбір аударымымыз үшін 4 пайыздан ақша алатын құрылым түзді. Әрине, бизнес оған қарсыласып бағады, ақырында ақшаны оффшорға өкетеді.

2021 жылы 4 қаңтарда елімізде «Ойын бизнесі мәселелері бойынша кейбір заңнамалық актілерге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң күшіне енеді. Оған сәйкес, мәдениет және спорт министрлігі қолма-қол ақшасыз операцияларды бақылау мақсатында Бәс тігуді есептеу орталығын (ЦУС) құруда. Бұл орталық букмекерлік кеңселер мен олардың клиенттері арасындағы ақша айналымы туралы толық ақпарат беруі керек.

(Жалғасы 3-бетте)

АПТАНЫҢ АЙТАРЫ



«Байқоңыр қаласының 7 мектебінде оқыту Ресей Федерациясының Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына сәйкес жүргізіледі. Бұл мектептерде қазақстандық балалар да оқиды. Олар өз болашағын Қазақстанмен байланыстыратындықтан, олар үшін Қазақстан тарихын, қазақ тілі мен әдебиетін білу аса маңызды мәселе!».

Асқар МӘМИН,
Премьер- Министр



БИРЖАМЕТР

МУНАЙ (brent)
49,23

DOLLAR
419,6

EURO
509,14

РУБЛЬ
5,7

ҚЫЗЫҚТАН
ҚЫЗЫҚТАРЫ



Қара жолдың үстінде,
Шахмат ойнау лайық па?
Пранк па, хайп па?
Батты енді айыпқа!

Алматы



168 SAĖAT

E-mail: jasqazaq2019@mail.ru

www.jasqazaq.kz

БИЛІК

Осы аптада өткен Парламент Мәжілісінің жалпы отырысында дене шынықтыру мен спортты дамытуға қатысты заң жобасы мақұлданды. Нақтырақ айтсақ, қолданыстағы заңға енгізілетін өзгерістер мен қосымшалар бұқаралық спортты дамытуға, балаларды спортпен және дене шынықтырумен айналысуға тартуды көздейді.

Әлбетте, айфон мен смартфонға бүйрегі көбірек бұратын қазіргі заманда баланы спортқа баулу — кезек күттірмейтін шаруа. Өйткені кәсіби спортты былай қойғанда, дене шынықтыруға мойны жар бермейтін ұрпақ өсіп келеді.

Мәжіліс спикері Нұрлан Нығматулин де осы заң жобасының маңыздылығын атап көрсетті: «Бұқаралық спортты дамыту біздің болашағымыз

тоқтатып, спорт мектептері, бұқаралық спорт және дене шынықтыру саласына басымдық беру туралы тапсырмасы қалай жүзеге асып жатқаны туралы сұрақ қойды.

Оған министр ханым былай деп жауап берді: «Біздің елімізде 98 кәсіби клуб бар. Олар жергілікті бюджет есебінен қаржыландырылады. Кейбіріне ұлттық компаниялар жеке кәсіпкерлер демеушілік етеді». Биыл министрлік егжей-тегжейлі талдау жасап, осы клубтарды ұстап тұруға

пен демеуші қаржысын місе тұтатынын жеткізді.

Мәжіліс спикері: «Квазимемлекеттік саланың қаржысын демеушінікі деп айтпаныз. Бұл — мемлекеттің ақшасы. Мәселе сонда. Сіз осы цифрдың ар жағына жасырынып тұрсыз. Квазимемлекеттік қаржы — мемлекеттікі. Президент бұл туралы өз Жолдауында атап көрсетті. Сізге тікелей тапсырма берілді. Қанша қаржы екенін айтыңыз, сізді бүкіл ел тыңдап отыр», — деп сауал тастады.



55,5 МЛРД ТЕҢГЕНІҢ СҰРАУЫ

үшін, оның ішінде, жастарымыз үшін өте маңызды. Бүгінгі еліміздің абыройын көтеріп жүрген олимпиада және әлем чемпиондары бұқаралық спорттан шықты. Әсіресе, бокс пен күрес чемпиондары ауылдан екенін білеміз. Сондықтан спорт нұсқаушыларының жалақысын көтеру, олардың жұмыстарын ұйымдастыру спорт министрлігінің басты міндеттерінің бірі болу керек».

Заң жобасында мүмкіндігі шектеулі жандардың дене шынықтырумен айналысуына жағдай жасауға арналған нормалар енгізілген.

Әлбетте, алға қойылған міндеттерді орындау үшін қаржы керек.

Сондықтан жиында спортқа бөлінетін ақша мәселесі айрықша сөз болды. Бұл тұрғыда мәдениет және спорт министрі Ақтоты Райымқұловаға қойылған сауал көп.

Депутат Ольга Шишигина Президенттің кәсіби спорт клубтарын мемлекет есебінен қаржыландыруды

кететін қаржыны анағұрлым қысқарту жөнінде шешім қабылдапты. Бірыңғай тариф кестесі жасалып, соған сәйкес, спортшылар, жаттықтырушылар, осы клубтарда жұмыс істейтін өзге де қызметкерлер жалақысының ең жоғарғы шегі белгіленген. Бүгінгі күні кәсіби клубтардың ортақ бюджеті 55,5 млрд теңгені құрайды екен.

Мәжіліс төрағасы Нұрлан Нығматулин «Еліміз бойынша 55 миллиард? Бәлкім, сіз қателесіп тұрған шығарсыз?» деп танқалысын жасырмады.

Жоқ, Ақтоты ханым қателеспепті. Биылғы жылы спортқа 160 млрд теңге бөлінгенін, оның ішінде 55,5 млрд теңге кәсіби клубтарға берілгенін нақтылады.

«Бүкіл Қазақстан бойынша жергілікті, республикалық бюджетті қосқанда, кәсіби спортқа қанша қаржы бөлінеді? Нақты санын айтыңызшы» деген сауалға да мүдiрген жоқ. Кәсіби спортқа республикалық бюджеттен ақша бөлінбейтінін, тек жергілікті бюджет

Министрдің келтірген мәліметі: кәсіби спортқа бөлінген қаржы — 55,5 млрд теңге және квазимемлекеттік компаниядан 27 млрд теңге — «Астана» брендіне енетін клубтарға (*велокманда, баскетбол және футбол клубы, «Барыс» хоккей клубы*). Талдау жасалған соң осындай ойын клубтарының жылдық қаржысын белгілі бір деңгейге төмендету көзделіпті.

«Қазір біздің ұсынысымыз үкіметте. Қаржыландыру екі есе қысқарады. Кәсіби спорттан үнемделген 22,2 млрд теңге бұқаралық спортқа бөлінеді. Оған қоса, бұқаралық спортқа жергілікті атқарушы органдардан бөлінетін 14,7 млрд теңгені қосу керек», — деп құтылды министр.

Бүгінгі күні елімізде 107 жасөспірімдер және 579 балалар спорт клубы жұмыс істейді. Олардың санын көбейтіп, балаларды бұқаралық спортқа тарту үшін республикалық бюджеттен 10,9 млрд теңге қарастырылған.

Талап ТІЛЕГЕН

Мерей

ҚАЗАҚТЫҢ МӘРТЕБЕСІН ӨСІРГЕН

Дарынды дипломат Қайрат Әбдірахманов Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымының аз ұлттар жөніндегі жоғарғы комиссары болып сайланды. Түрлі елдердің өкілдері дауыс беру кезінде әлемдік деңгейдегі жоғары лауазымды қызметке ұсынылған көрнекті мемлекет қайраткеріне бірауыздан қолдау көрсетіпті.



Бұған дейін түрлі мемлекеттерде елші, еліміздің халықаралық ұйымдардағы өкілі, Қазақстан сыртқы істер министрі сияқты мерейлі де мәртебелі қызметтерді атқарған Қ.Әбдірахмановтың шетелдермен байланысты дамытуға, отандық дипломатияны өркендетуге қосқан үлесі сүбелі. Ол, әсіресе, соғыстан соқтасы шыққан Сириядағы қантөгісті тоқтатуда шешуші рөл атқарған «Астана процесінің» жемісті болуы үшін көп еңбек сіңірді. Содан кейін Қазақстанның Швеция мен Даниядағы елшісі қызметін абыроймен атқарды.

Енді Ғаламдық саясаттағы көкейкесті мәселелердің бірегейі — аз ұлттардың түйткілдерін әділ әрі тиімді жолмен шешуге атсалысатын қазақтың даңқты дипломатын мәртебелі лауазымымен шын жүректен құттықтаймыз! Ел мен жердің мерейін өсіру жолындағы қызметіне әрдайым табыс тілейміз!

Үш анық



1. Ақтөбеде асыл тұқымды мал сатып алмақ болған шаруа алаяққа алданды



2. Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарлары 9,6% қымбаттады



3. Құны 400 млн теңге медициналық бұйым гуманитарлық көмек ретінде заңсыз кіргізілген

Әлеумет.t⁰



БЕЙСЕНТАНУ

Желтоқсанның тоғызыншы жұлдызы — Бейсен Құранбектің туған күні. Ерте көктемде актық сапарға аттанған бауырымыз туралы өткен шақпен сөйлеу қазір де қиын. «Халықтың қалтқысыз құрметіне, ыстық ықыласына бөленген ардақты асылымыз, қимас қадірліміздің жатқан жері жайлы болсын, пейіште нұры шалқысын!» дейміз оның жарқын бейнесін сағынышпен еске алып.

Өнердің бабын тауып, бағын асырып, замандас-қатарынан оза шауып, биік белесті бағындырған. Қазақтың дара тұлғаны сипаттайтын осы бір сөзі тура Бейсенге қаратып айтылғандай. Ұлттық журналистиканың, соның ішінде телевизияның даңқын асырып, мерейін тасытқан руханият қайраткерінің артына қалдырған рухани мұрасы мол, теңіздей терең. Таяуда «Алматы» телеарнасы оның өмірі мен шығармашылығына арналған «Сәуле Ғұмыр» атты бағдарламаны көрерменге ұсынды. Арна жетекшісі Нұржан Мұхамеджан телетуындыны таныстыру рәсімінде Бейсеннің Алматыда оқығанын, ақмылтық журналист ретінде осы шаһарда танылғанын атап өтті. Халықтың сүйікті ұлына қойылған рухани ескерткіш болсын деген ниетін де жеткізді.

Бағдарламада достары, әріптестері, шәкірттері аяулы азаматты сағынышты көңіл, зор құрметпен еске алды. Шығармашылық өмірде көпшілік біле бермейтін тағылымды да қызықты деректер айтылды. Әңгіме көбіне «Айтуға оңай», «Қарекет» бағдарламалары, сондай-ақ «Жетісу» арнасы төңірегінде өрбісе де, Бейсеннің телевизияның барлық жанрларында қолтаңбасы бар, ақыл-кеңесін аямаған, білгенін үйретуден жалықпаған кәсіби маман болғаны әмбеге аян. Спорт журналистикасының да өрісін кеңейтіп кетті. Қайбір жылы «Қазақстан Барысы» турнирі бойынша түріктің TRT AVAZ арнасында тікелей эфирде репортаж жасау үшін Анкараға баруға тура келді. Комментаторлық тәжірибем болмағандықтан Бейсенге жүгіндім. Басқа біреу болса, «Оның несі бар, тоқтамай сөйлей бер» деуі де мүмкін. Ол нағыз кәсіби маман, спорт журналисіне тән машық-мінезбен, қарым-қабілетпен, қарапайым тілмен түсіндіріп берді. Әсіресе, қазақ күресінің ережесін түрік көрерменге тәптіштеп жеткізді, «бүк ұпай», «жамбас ұпай», «жартылай жеңіс», «таза жеңіс» секілді терминдерді міндетті түрде қазақша айтуды тапсырды. Дзюдода жапон сөздері қолданылатынын қаперге салды.

Бейсеннің дәрісі өз жемісін берді. Содан бері әр репортаждан соң бауырымды асқан ризашылықпен еске алып отырамын. Мұны бекер тілге тиек еткен жоқпыз. Теориясы мен практикасы қабыспай тұрған қазіргі қазақ журналистикасына Бейсентану ілімі керек боп тұр. Оның эфирге түсіруге дайындығы, бағдарламаны жүргізу тәсілі, сөз саптасы, үлкенмен үлкен, кішімен кіші болып тілдесе білуі, өзін емес, әуелі кейіпкерді көрсетуге тырысуы, кез келген түйткілдің тереңіне үнілуі, міне, осының бәрі болашақ журналистке де, бүгінгі тілшіге де қажет қасиет, таптырмас тәсіл. Журналистика мектебін құру туралы мәселе көтеріліп жатыр екен. Ендеше, мұндай мектепке барғандар Бейсеннің мол ілімін де үйреніп, тағылымды тәжірибесімен сусындауы тиіс деп білеміз.

Срайыл
СМАЙЫЛ



Сөз-Жебе



Азат ПЕРУАШЕВ,
Мәжіліс депутаты:

«Базалық мөлшерлемені 9,25% деп белгілеген Қазақстанның ақылгөй қаржыгерлері инфляцияны 8,5% деңгейінде әрең ұстап тұр. Ал Еуропадағы «сауатсыз» банкирлер, мәселен, банкаралық қаржыландыру мөлшерлемесі — euribor-ді минус 0,5% деп белгілеп, инфляцияны 0,8% деңгейінде тежеп отырғаны қалай? Мәселен, ол жақта 100 еуро несие алсаң, бес жылдан кейін 97 еуро қайтарасың. Ал бізде бес жылда 200 еуро етіп қайтарасың».

Түйткіл

(Басы 1-бетте)

Мәдениет министрлігінің мағлұматы бойынша, Қазақстандағы букмекерлер нарығы 200 млрд тенгені құрайды. ЦУС (*Бәс тізуді есептеу орталығы*) дәл осы ақшаны бақылауы тиіс. «Paybox, money» ЖШС директоры және «Exigius» ЖШС техникалық өкілі Алексей Назаров оның қалай жүзеге асатынын жуырда өткен интернет-конференцияда айтып берді.

Назаров жеткізуге тырысқан негізгі идея — букмекерлер салық төлемейді. Сондықтан оларды әшкерелеп, ақшасын көрсететін жүйе құру керек. Нәтижесінде бюджетке түсетін салықтың мөлшері артады.

Бұл идея Парламентте және үкіметте қолдау тапты. Өйткені келесі жылы халықтың табысын жариялау кезеңіне аяқ басамыз. Демек дәл осы жүйе ақшасын спортқа салған жанкүйерлердің шығысы мен кірісін бақылауға алады. Егер оған көбірек құқық берілсе, ол сонымен бірге құмар ойынға патологиялық тәуелді адамдарды да бақылай алады. Сонда олар бәс тіге алмайды. Халықтың мәдени деңгейі көтеріліп, барлығы бақытқа бөленеді-мыс.

Осыған орай мәдениет және спорт министрлігі және «Exigius» ЖШС, ЦУС операторы бұл міндеттердің ешқайсысын орындай алмайтыны айтылуда. Дегенмен қомақты үлес алып үлгереді. Бұл бәрімізге тікелей әсер етеді.

КІМ ҰТАДЫ, КІМ ҰТЫЛАДЫ? (ШЕНЕУНИКТЕР КӘСІПКЕРЛЕР АРҚЫЛЫ ТАБЫС ТАБАТЫН МІНСІЗ БИЗНЕС ОЙЛАП ТАПТЫ)



ЕНДІ БӘС ТІГІЛМЕЙДІ

Айта кету керек, «Exigius» ЖШС Бәс тігуді есептеу Орталығын (ЦУС) құруға мұқият дайындықпен келді. Алайда оны жүзеге асыру барысында бәс тігу бизнесінің қалай жұмыс істейтінін білмейтіндігін көрсетті. Олар осы үлкен бизнесті кімнің дөңгелетіп отырғанын білмейтін болып шықты. Әрине, ол — адам. Бәс тігетін адам болмаса, бұл бизнестің алға баспайтыны бесенеден белгілі.

Егер Мәдениет министрлігінің есеп-қисабын өзімізге түсінікті санға аударсақ, елімізде 120-140 мың адам түрлі ойынға бәс тігеді екен.

Ойыншы көбіне ақшаны бір букмекерлік кеңсе арқылы тігеді. Аталған компанияның платформасында оның жеке есепшоты болады. Оған ақшаны төлем терминалы арқылы салады немесе банк картасы арқылы толтырады. Тіпті болмаса, кассирге барып, тікелей бәс тігеді.

Ойыннан ұтылса, ақша букмекерлік кеңсенің қоржынына түседі. Ұтып жатса, қаржы оның жеке әмиянына түседі немесе букмекерден қолма-қол ақша алады.

Келесі жылдан бастап букмекер мен оның бәс тігушінің арасына есеп орталығы қыстырылады. Ережеге сәйкес, букмекерлер ЦУС арқылы өтпеген ақшаны қабылдай алмайды және ұтыстарды төлей алмайды. Сондықтан, адам өзінің шотына букмекер арқылы ақша салғысы келгенде, оның тыныи алдымен орталықтың шотына түседі. Ол өз кезегінде төлемді тексеріп, өзіне тиесілі бөлігін жырып алады. Егер мақұлданса, букмекерлік кеңсеге жібереді.

ӨЗІҢ БАР ДА, ҚОЛМЕН ТОЛТЫР

ЦУС-тың жұмысы үшін электрондық ақша жүйесі таңдалды. Әрине, бұл — оғаш шай. Ұлттық банктің қолданыстағы ережелеріне сәйкес, электронды ақша төлеуші мен алушының аты-жөні толық сәйкестендіруді талап етеді.

Бұл тағы бір талапқа алып келеді: букмекерлік кеңсенің әрбір клиенті тіркеліп, өзінің аты-жөнін, ЖСН және телефон нөмірін көрсетіп, жеке есепшотын ашуы керек. Дәл осы мәліметтер Мәдениет министрлігіне қарасты ЦУС-та көрсетіледі және ол төлемдерді өздеріне ғана белгілі тізімдер бойынша салыстырады, өткізуге бола ма, болмай ма деген мәселе бойынша.

Бүгінгі таңда Қазақстанда қолданушыны сәйкестендірудің қапшықтан атқаратын сенімді әдісі жоқ. Демек адам букмекерлік қассаға өз аяғымен барып, сол жерде тіркелуі керек.

Ең күрделісі, заң бойынша букмекерлер Қапшағай мен Бұрабай секілді аймақтарға көшірілген. Кассалар тек сонда ғана жұмыс істей алады. Жарайды, бұл Нұр-Сұлтан мен Алматыдан алыс емес, бірақ Қызылорда немесе Атырау сияқты алыс аймақтағы тұрғындар қайтпек? Айталық, Қызылордадан Қапшағайға дейін 1200 шақырым. Оның өзі кейбір аймақтарға қарағанда жақын саналады.

Министрлік бір қадам арқылы букмекерлер нарығының үштен екі бөлігін алшақтатып тастады. Әрине, осы қиындықтардың барлығына бір-ақ қол сілтеп, шетелдік букмекерге жүгіну оңайырақ болады.

2007 жыл. Аңызға айналған Led Zeppelin тобы қоштасу концертін өткізу туралы шешім қабылдады. Шоу Лондонда тек 20 мың адамға арналған О2 залында өтуі керек еді. Топ билеттерді кассалар арқылы емес, өзінің промоутерлерінің бірінің сайты арқылы сату туралы шешім қабылдайды. Сайт ашылған сәттен кейін 5 минуттан соң тығырыққа тірелді. Бір мезетте 1 миллионнан астам адам билет сатып алуға тырысты. Клиенттерді тіркеу жылдамдығы минутына 80 мың адамды құрады. Төлем жүйесінің сервері мұндай жылдамдыққа шыдай алмады.

САУАЛҒА ЖАУАП ЖОҚ

«Exigius» көптеген мәліметтер жинауға ниетті. Көптігі соншалық, конференцияға қатысушыларда «ЦУС мұның бәрін саралай ала ма?» деген күмән пайда болды. Әсіресе, дәл қазіргі кезде?

ЦУС жұмысын «Exigius» ЖШС басшылығының көруі технологиялар әлемінде Firewall деп аталады, яғни желілер арасындағы рұқсатсыз байланысты болдырмауға арналған технологиялық тосқауыл. Бұл төлем жүйелері мен букмекерлік кеңселер арасындағы байланысты толығымен басқаратын сүзгі.

Tennis.kz директоры Сергей Казаков мынадай мысал келтірді: өткен маусымда Чемпиондар лигасының финалында «Бавария» мен «ПСЖ» арасындағы ойын

үлгеретін шығар. Дегенмен оны да оңтайландыру және қайта құру қажет болады».

«Exigius» бақылайтын компаниялар төлем жүйесі платформалары мен ЦУС арасындағы техникалық өзара әрекеттесу хаттамасын ала алмады. Мұндай бизнес-процесс жоқ. «Exigius» ұсынған модельге қарағанда, оның жүйесінде басқа төлем ұйымдарына орын жоқ.

Ең бастысы, ЦУС платформасына техникалық аудитті осындай жобаларды жүзеге асыруда тәжірибесі бар шетелдік сарапшылар жүргізбеген. Бұл танқаларлық жайт. Өйткені «Exigius» төлем компаниясы болғандықтан, олар Ұлттық Банктің стандарттарына сәйкес келуі керек. Мұндай жоқ па? Кешіріңіз, бұл кезде жүйе айқын емес, көлеңкелі тұстары көп. Бұл оның міндетті түрде сәтсіздікке ұшырайтынын білдіреді.

2015 жылы Алматыда ONAY төлем жүйесін енгізу басталды. Жобаның операторы «Алматы көлік холдингі» ЖШС болды. Жобаны әзірлеушілердің алдында төлемдер ағымын оңтайландыру, ақшаны ұрлықтан қорғау, жолаушылар ағыны туралы ақпарат алу сияқты мақсаттар тұрды.

Дайындық жұмыстары жоба басталардан 1,5 жыл бұрын басталды. Осы уақыт ішінде

әзірлеушілер шетелдік тәжірибені зерттеді. Бизнес-процестерді дамыту мен жүйені құрудың белсенді кезеңі алты айдан аз уақытты алды. Тағы 6 ай — сынақ кезеңіне арналды. Жүйе статистиканы бір жылдай жинады. Бұл деректер кейбір кемшіліктерді реттеуге, көлік жүйесінің барлық тұстарын егжей-тегжейлі анықтауға, маршруттық желінің тиімділігін арттыруға, қаланың қоғамдық көліктерінің жүру кестесіне пайдаланылды. Тек 1,5 жыл жұмыс істегеннен кейін ғана оператор жүйенің өнеркәсіптік пайдалану кезеңіне өтті.

ОЙЫНШЫ КЕТСЕ, ОРАЛМАЙДЫ

Сарапшылардың ешқайсысы ЦУС жұмысында ақаулар болатындығына күмәнданбайды. ЦУС платформасы «PayBox» компаниясының шешімдеріне негізделген. Бұл Tele2 ұялы байланыс операторының төлемдерін қамтамасыз ететін компания.

Кейбір жанкүйерлер өз балансын ақша ретінде ойындарға бәс қылып тігеді. Түнде төлем терминалдарының көпшілігі қолжетімді емес, сондықтан осы уақытта телефон шоттарынан ақша шығарудың шарықтау кезі байқалады. Оператордың сайты түнде үнемі қолжетімсіз. Ақша өтпейді, ал оператордың техниктері сайттағы бұл қызметті өшіре салады.

Мәдениет министрлігі ақша жоғалтпау үшін шетелдік букмекерлік кеңселердің барлық сайттарына кіруді жабуға уәде берді.

Бірақ бұл интернеттегі қарақшылық іспетті екенін білеміз. Барлығы онымен күресуіміз керек дейді, бірақ қандай жолмен екенін ешкім білмейді. Сосын мемлекеттің өзі букмекерлердің жолын кесіп, оларды желіге қосылуға мәжбүр етеді. Не үшін? Әдеттегі кассаларды бақылау электронды төлемдерге қарағанда барлық жағынан әлдеқайда жеңіл. Ойнауға тыйым салынса, лудоман қайтсе де шетелдік сайтқа кіреді.

Біз бірнеше жылдан бері жүздеген порнографиялық сайттарды жауып жатқан ішкі істер министрлігіне де сенеміз. Бұл мүмкін емес. Қазақстан VPN қосымшаларын жүктеу бойынша әлемде 3-ші орын алады деп айтылады. Ал шетелде адамға мол мүмкіндіктер ашылады. Ол жерде таңдау тіпті көп. Шетелдік букмекерлердің ұтыстары қазақстандықтарға қарағанда жоғары, өйткені онда салық салынбайды. Әсіресе оффшорлық аймақтарда. Егер ойыншы сол жерге барса, ол қайта оралмайды. Себебі ол жақта бәс тігуші мен оның ақшасын құшақ жая қарсы алады. Ал бізде кедергі қояды, тіпті ақшаның бір бөлігін жырып алуға тырысады.

Сонымен, Мәдениет министрлігі де, «Exigius» ЖШС да технологиялық немесе заңды түрде жұмыс істеуге дайын емес. Бірақ олар алғысы келіп отырған ақшаны көріп отыр. Ол үшін олар нарықты өз бақылауына алуы керек. Сондықтан олар тәуекелге баруға дайын. Бұл жерде кім көп ұтады және кім ұтылады?

Айдос ҚҰСАЙЫНҰЛЫ

[B-mail: jasqazaq2019@mail.ru](mailto:jasqazaq2019@mail.ru)

www.jasqazaq.kz

Қорған

Бала кезінде қаншама жас буын сақшы болғысы келді десеңізші! Сақшының полицей екенін білетін шығарсыздар.

Оның киімі, жүріс-тұрысы, көз тартар тұлғасы – бейне батырлықтың символындай көрінуші еді. Содан болар, полицияның портреті барлық жасөспірімге үлгі-өнеге болды. Әскерге бару, Отан алдындағы міндетті өтеу ер жігіт үшін қандай абыройай болса, полиция болу да сондай асқақ-тұғын. Сол бала арманмен сақшы болып, желдің өтінде, елдің шетінде жүргендер қаншама қазір?!

ПОЛИЦЕЙ БЕЙНЕСІ – БАТЫРЛЫҚ СИМВОЛЫНДАЙ

Ерлан Мендекұлов та «бала кезіндегі полицей болсам» деген асқақ арманмен өмірлік жолын осы салаға арнаған азамат. Ол әуелде, Әл Фараби атындағы Казак ұлттық университеттің физика факультетін оқыған. Диплом алғаннан кейін мектепте мұғалім болды. Бірақ бәрібір бала күнгі арманы жанына тыныштық бермеген. ҚазҰУ-да жүргенде әскери кафедрада оқыған. Соның да пайдасы тиіпті. Ішкі істер министрлігіне қарасты Шымкенттегі Бауыржан Момышұлы атындағы оқу орталығында қысқа мерзімді оқу курсынан өтіп, сыптай киініп, полицей болып шыға келді. Қазір ол Алматыдағы мамандандырылған күзет қызметі басқармасында жұмыс істейді. 5-полиция батальонының полицейсі.

Біз жас сақшыдан мамандығын не үшін ауыстырғанын сұрадық. «Ұстаздық деген ұлы мамандық қой. Бірақ мен бала күнгі арманымды таңдадым. Жоғары оқу орнын бітіргеннен кейін бірнеше жыл мектепте физика пәнінен сабақ бердім. Бірақ «бәрібір сақшы болсам» деген кішкентай кезімдегі арманымнан аса алмадым. Бойымда бір мазасыздық болды. Содан бір-ақ күнде таңдауымды өзгертіп, қысқа мерзімді оқу курсынан өтіп, полицей болып шыға келдім», — деді.

Отанға қызмет етуді әркім өзінше түсінеді, өзінше қызмет етеді. Мұғалім сабақ береді, ұрпақ тәрбиелейді. Дәрігер адам емдейді... Бірақ барлық қызметтің ішінде Отанның тыныштығы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ететін полицейлердің еңбегі ауыр екені анық. Жаздың аптап ыстығы, қыстың қақаған аязында күзетте тұру, қауіп-қатердің қалың ортасында жүру — осы сақшыларға ғана міндеттелген қызмет. Сондықтан, полицей болу — екiнiң бiрiнiң қолынан келмейтiн ерлiк iс!

Бiзде Отан алдындағы мiндетiн атқарып, елдiң тыныштығын күзетiп, мемлекетке адал қызмет етiп жүрген полицей қауым баршылық. Бірақ бiз олардың жағымды бейнесiн қалыптастыра алмай отырмыз. Қоғамда полицейге деген сынаржақ ұғым бар. Ендi соның бәрiн басқа арнаға бұрып, сақшының ел алдындағы абыройын асқататып, қоғам алдындағы мiндетiн айқындап, еңбегiн бағалайтын кез келдi.

Жарас КЕМЕЛЖАН

Түйін

(Басы 1-бетте)

Ерлан Жанбосынов есімді жергілікті шаруа: «Біреу субсидия алғанға дейін, яғни он-он бес күн бұрын 200 сиыр болса, соны екі есе көбейтіп көрсеткен. Кім үлгерді, сол алды, үлгермегендер қалды. Енді ақша жетпей жатыр. «Қазір 600 млн тенге ғана қалды» дейді. Ал

АҚТӨБЕДЕ

ҮЛГЕРГЕН АЛДЫ, ҮЛГЕРМЕГЕН ҚАПЫ ҚАЛДЫ



біздің фермерлердің есептеуі бойынша әлі 2-3 млрд теңгеге жуық ақша керек», — дейді.

Шенеуніктер ірі шаруа қожалықтарынан түскен тапсырысты тексермей ақша аударғанын мойындап отыр. Жалған ақпарат бергендерді кеш анықтапты. Қазір сол 1 млрд 800 млн теңгені бөліп алған шаруа қожалықтары қайта тексерілмек. КТҚ телеарнасына берген сұхбатында Ақтөбе облысы әкімінің орынбасары Амангелді Бердалин: «Есепте жоқ малды ақша алу үшін тіркеген де, ақша алған. Артық алғандарды прокуратураға береміз. Бұл дұрыс емес. Сондықтан билыға бөлінген ақшаны 2021 жылға дейін қалдырады деген әңгіме жоқ. 3,4 миллиард ақшаны игереміз», — деп өздерінің бұл шаруада жіберген кемшілігін жасырмады.

Әкімдіктегілер «субсидиядан дәмелі қожалықтарға қаржы осы айдың жиыrmасына дейін беріледі» деген уәде айтыпты. Бірақ тиісті мөлшерде емес. Қазынада қалған қаражат шу шығарған шаруаларға теңдей үлестіріледі. Ал «Ұстағанның қолында, тістегеннің тісінде» кеткен артық ақшаны қайтару құзырлы орган мен уақыттың еншісінде.

Жарас ШӨКЕ



E-mail: jasqazaq2019@mail.ru

www.jasqazaq.kz

Күретамыр

Пандемияға қарамастан, Қазақстан мен Қытай арасындағы экономикалық байланыс оң нәтиже көрсетті. Соңғы тоғыз айдың көрсеткіші бойынша көрші елден тартылған тікелей инвестиция көлемі 360 млн АҚШ долларына жетті. Қытай коронавирусқа қарсы 13 түрлі вакцина жасап, оның бесеуін клиникалық сынақтан өткізді. Вакцинаның бірі алдағы күндері сатылымға шығады. Бұл туралы Қытай Халық Республикасының Қазақстандағы Төтенше және өкілетті елшісі Жан Сяоның БАҚ өкілдерімен дәстүрлі кездесуінде айтылды. Биылғы кездесу онлайн режимде өтті.

ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ

Ең маңызды байланыс — эпидемияға қарсы іс-қимыл. Қытай коронавирус соққысына бірінші болып ұшырады. Қазақ елі өз кезегінде Қытайға моральдық әрі гуманитарлық көмегін көрсеткен алғашқы елдің бірі. Гуманитарлық көмек ковидпен күресте ең басты күш болды. Индет басталған алғашқы аптада Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев ҚХР төрағасы Си Цзиньпинге хат жолдап, моральдық қолдау көрсетті. Біз бұл достық ықыласты ешқашан ұмытпаймыз. Сондай-ақ Қазақстанда индеттің белгісі пайда бола бастаған кезде Қытай да қол қусырып қарап отырмады. Қазақстанға көмек қолын созған алғашқы мемлекеттердің қатарынан табылды. Ковид екі елдің достығын сынады. Біз ол сынақтан сүрінбей өттік деп үлкен сеніммен айта аламыз. «Нағыз дос қиындықта танылады» деген канатты сөз де екі елге арнап айтылғандай.

ТАУАР АЙНАЛЫМЫ МЕН ИНВЕСТИЦИЯ

Қытай елінен тартылған тікелей инвестицияның көлемі 9 айдың көрсеткіші бойынша 360 млн АҚШ долларына жетіпті. Бұл өз кезегінде 80% көрсеткішті құрайды. Ең тиімді байланыс шекара аралық сауда-саттық. Қазан айының көрсеткіші бойынша Қытай — Еуропа бағыты бойынша «Достық-Алашаңқай» бекетінен 4000-ға

Жан СЯО:

ЕКІ ЕЛ АРАСЫНДАҒЫ БАЙЛАНЫС НЫҒАЯ БЕРЕДІ



жуық пойыз өткен. Бұл өткен жылмен салыстырғанда 45 пайызға көп. Ал «Қорғас» қақпасы арқылы 2020 жылдың бірінші тоқсанында 4300-ден аса пойыз контейнерлері өтті.

Пандемия экспортқа да, импортқа да кері әсерін тигізгені белгілі. Соған қарамастан, Қазақстаннан өтетін магистраль әлемге керек екенін көрсетті. Қытайдың сыртқы істер министрі Ва Ни бұл магистральға образды түрде «темір керуен» деген атау берді. Бүгінде бұл магистраль көптеген елдер үшін өмір жолы бола білді. «Бір белдеу, бір жол» жобасының арқасында осындай нәтижелі көрсеткіштерге қол жеткізілді. Қазір Қазақстанның транзит әлеуеті ең маңызды рөлге ие.

ВАКЦИНА ДАЙЫН

Пандемия екі елдің бірігуіне ықпал етті. Бүгінде Қытайда жасалған ковидке қарсы вакцина үшінші фазаға жетті. Оның ішінде алғашқы вакцина жақын күндері сатылымға шығады. Бүгінде Қытай вакцинасының тиімділігі 90 пайыздан жоғары.

Өкінішке қарай, пандемия әлі бізбен біраз жыл бірге болады. Менің алдағы жылы атқаратын жұмысымның бірі — Қазақстанда жұмыс істейтін Қытай азаматтарының денсаулығы. Мен олардың індеттен сақтануына бар күшімді саламын. Одан бөлек, екі елдің арасындағы рухани байланысты арттыруға арналған жобаларды жүйелі жүзеге асырамын. Пандемия кезінде бұл жұмыстарды жүзеге асыру қиын болатыны белгілі. Ең бастысы, жұмыс тоқтамайды.

МӘДЕНИ БАЙЛАНЫС

Қытай мен Қазақстан арасындағы ынтымақтастық тек экономикалық байланыспен шектелмейді, білім, ғылым, денсаулық, туризм, мәдениет саласында да жалғасып келеді. Қазақстандықтар тарапынан қытай тілін үйреніп, қытай мәдениетімен танысып қалатындардың қатары көбейіп келеді. Коронавирусқа дейін Қытайдың ең үздік жоғары оқу орындарында 15 мыңнан астам қазақстандық студент білім алған. Бұдан бөлек, Қазақстандағы ЖОО-да, Конфуций институтында қытай тілін үйреніп жүрген 2000-ға жуық студент бар.



Сондай-ақ Қытайда қазақ тілі мен мәдениетіне қызығушылық білдіргендер көп. Бүгінде Қытайдың түрлі ЖОО-да Қазақстан туралы 6 орталық жұмыс істейді. Қазақстанда оқитын Қытай студенттері де қысқа мерзімде қазақ тілінде еркін сөйлейтін деңгейге жеткен. Олардың тіл үйренудегі нәтижесі таң қаларлық.

Екі ел арасындағы білім және мәдени іс-шаралар пандемияның алғашқы кезеңінде тоқтағанымен, онлайн режимде түрлі байқаулар өткізілді.

«Қытай тілі көпірі», «Қытай тілін үйренуге арналған онлайн курстар», «Қытай әнін орындау» сияқты байқауларға қатысушылар саны артты.

Байқауға 6 жастағы баладан 70-тегі қарияға дейін қатысты. Барлығы да белсенді. Қазақстандықтар ғана емес, таяу және алыс шетелдіктер де қызығушылық танытады.

ИНДУСТРИЯНЫҢ ДАМУЫ

Қазақстандағы индустрияны дамытуға арналған 55 жоба тұрғындар үшін аса маңызды. Бұл жоба аясында 25 мыңға жуық жұмыс орны ашылады. Бүгінде 4 млрд долларға арналған 16 жоба іске қосылды. Соның бірі — Жамбыл облысы Жанатас қаласындағы 100 МВт қуаты бар жел электр стансасы. Ол үстіміздегі жылдың қыркүйек айында іске қосылды. Маусым айында Алматы облысында 50 МВт күн электр стансасы жұмысын бастады. Атырау облысында газ-химиялық өңдеу зауыты келесі жылы іске қосылады. Қазір зауыт құрылысы 70 пайызға аяқталды. Қызылорда облысындағы шыны зауыты да келесі жылға дайын тұр.

ТҮЙІН

Коронавируспен күресте Қытай тәжірибесінің құпиясын сұрағанымызда Жан Сяо оның қарапайым жолдарын тілге тиек етті: «Біздің елде ең басты қағида індеттің таралуын қалайда шектеу болды. Сондықтан тұрғындарға қиын болса да, індет ошағы саналған Ухан қаласын жабу туралы шешім қабылданды. Ең бастысы, бетперде режимі толық сақталды. Тұрғындардың да өз қауіпсіздігіне жауапкершілікпен қарауы маңызды».

Макпал НОҒАЙБАЕВА

Transit

ҚОС ҚҰРЛЫҚ, ЕКІ ТЕҢІЗ, 5 МЕМЛЕКЕТ

Алысты жақын қылған «Бір жол, бір белдеу» жобасы жүзеге асып, өз жемісін бере бастады. Азия мен Еуропа арасын жалғайтын күретамыр арқылы жүк тасымалы жеңілдей түсті. Бұрын теңіз арқылы бір айға жуық уақыт алатын тасымалдау мерзімі қысқара түсті.



Түріктің aksam.com.tr сайты жазғандай, 6 желтоқсанда Түркияның Ыстамбұл шаһарынан шыққан жүк пойызы Қытайға бет алды. Ол қос құрлық, екі теңіз және бес мемлекеттің аумағымен жүріп, Қытайдың Сияң қаласына барады. Атап айтқанда, 12 күнге созылатын транзиттік тасымал Түркиядан кейін Грузияға, одан әрмен Әзірбайжан, Қазақстан және Қытай аумағын қамтиды. Бұл бағыттың жалпы ұзындығы 8 мың 693 шақырымды құрайды. Мұның ең көбі (3200 шақырым) — еліміздің үлесінде. Жүк Әзірбайжан аумағына келген соң Каспий теңізі арқылы Маңғыстау өңіріндегі айлаққа жеткізіледі. Сол жерден Аспан асты еліне қарай бет алады.

Осылайша, ежелгі Жібек жолын жаңғыртуға арналған ғасыр жобасы аймақтық қана емес, құрлықтар арасындағы сауда-саттықты оңтайлы түрде өркендетуге ықпал етіп жатыр.

(Өз тілшіміз)

Қаржы

Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі ашық үкімет порталында зейнетақы төлемдерін тұрғын үй жағдайын жақсарту үшін бір рет пайдалану қағидаларын жариялады. Аталмыш құжатты жария талқылау 22 желтоқсанға дейін жағасады.

ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖИНАҒЫН ЖҰМСАУ ТАЛАПТАРЫ



Қазақстандықтар 2021 жылдан өз зейнетақы жинағының бір бөлігін тұрғын үй жағдайын жақсарту мен ем-домға жұмсап, қаржы ұйымдарының басқаруына бере алады. Заңға осы мәселеге қатысты енгізілетін өзгертулер Мәжілісте 24 қарашада қабылданды. Қазір заң жобасы Парламент сенатында жатыр.

Зейнетақы жинағын қандай мақсатқа жұмсауға болады?

1. Баспана жағдайын жақсарту үшін:
 - тұрғын үй сатып алу, оның ішінде тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу туралы шартты рәсімдеу, тұрғын үй жағдайларын жақсарту мақсатында жекешелендіру, бөліп төлеу, тұрғын үйді айырбастау жолымен сатып алу;
 - сатып алу құқығымен жалдау шарты бойынша берешекті ішінара/толық өтеу;
 - жеке тұрғын үй құрылысы және (немесе) жер телімін сатып алу; (нысаналы мақсаты — жеке тұрғын үй құрылысы немесе жеке қосалқы шаруашылығы).

Сонымен қатар бұл қаржыны екінші деңгейдегі банктерден, ипотекалық ұйымдардан тұрғын үй сатып алу және үлескер ретінде пәтер алу үшін бастапқы жарна ретінде пайдалануға болады.

Тұрғын үй жағдайын жақсарту мақсатында сатып алу құқығымен жалдау, жекешелендіру, бөліп төлеу, тұрғын үйді айырбастау, жеке тұрғын үй салу немесе жер телімін сатып алу үшін ипотекалық қарыз алсаңыз да, бастапқы жарна ретінде құюға рұқсат берілмек.

Зейнетақы шотындағы ақшамен Тұрғын үй құрылыс жинақ банкіндегі есепшотты да толықтыруға болады. Жоба бойынша, алдын ала тұрғын үй қарызын, аралық тұрғын үй қарызын алуға қажетті қаржы ретінде пайдалануға болады. Сондай-ақ басында ипотекасы бар қазақстандықтар бұл ақшаны қарыздың бір бөлігін немесе толық жабуға, ипотекалық тұрғын үй қарызын қайта қаржыландыруға жұмсай алады.

БЖЗҚ-дан алынатын ақшаны ерлі-зайыптылардың біріне, отбасы мүшесіне, жақын туысына да беруге болады. Қаражат тек баспана жағдайын жақсартуға жұмсалып шарт. Мұндай жағдайда сыйға тартқысы келген жаннның зейнетақы жинағы алушының арнайы ашылған есепшотына түседі.

Қандай шектеулер қойылады? Біржолғы зейнетақы төлеміне өз жұбайыңыздан немесе жолдасыңыздан, жақын туысыңыздан үй сатып ала алмайсыз. Зейнетақы жинағына сатып алынған немесе салынған жылжымайтын мүлікте жекеменшік құқығы тіркелген күннен бастап, 5 жыл ішінде жеке иеліктен шығаруға болмайды. Бұл шектеу 2021 жылдың қантарына дейін ТКЖБ қарызы есебінен алынған жылжымайтын мүлікке жүрмейді.

Жеке меншігінде тұрғын үй немесе жер учаскесінің болуы салымшының бір жолғы төлемді алу жайлы өтінішін кері қайтаруға, зейнетақы төлемін берумен бас тартуға негіз болмайды. Өтініш берген кезде, азамат бұл қаржыны тұрғын үй жағдайын жақсартуға жұмсайтынын дәлелдеуі қажет. Ол үшін уәкілетті операторға қажетті құжаттарды тапсырады, ал бағдарлама операторы — алдағы уақытта құрылатын Отбасы банкі болмақ.

Біржолғы зейнетақы төлемдерін тұрғын үй жағдайын жақсарту мақсатына пайдалану қолма-қол ақшасыз тәсілмен жүзеге асырылады. Бұл ретте зейнетақы шотында жатқан ақшаны арнайы есепшотқа аудару, ипотекалық жинақты рәсімдеуге кететін шығындарды салымшы өз қалтасынан төлейді.

Ол 2012 жылы Атырау қаласында болған терактіге қатысты ұсталып, 15 жылға бас бостандығынан айырылды. Темір торға тоғытылғанына биыл 8 жыл. 2010 жылы намаз оқи бастап, деструктивті діни теріс ағымдағы жігіттерге еріп кеткен. Дарын, Халил, Саид Бурятскийдың уағыздарымен ауызданған.

Тұманғали: «2011 жылы Маңғыстау өңірінде болдым. «Браттар» Атырау қаласына келуімді өтініп, жиі хабарласып жүрді. 2012 жылы бардым. Бірақ олардың Сирияға жиһадқа кетуге дайындалғанын, тіпті үкіметті басып алуды жоспарлап жүргенінен хабарым жоқ еді. Мені сол үшін шақырып жүргенін де кейіннен білдім. Олар маған «Бұл мемлекет кәпір, бізге оларға қарсы соғыс ашып, жиһадқа шығу міндет болды, сен бізге қосыласың ба?» деді. Мен ойланбастан келістім. Сөйтіп «жиһадты» Сирияда емес, Қазақстанда жасайтын болып, тапсырма алып, Маңғыстауға тарттым. Тапсырма — қатарымызға адам жинау болды...».

Біз онымен Ақтау қаласындағы ГМ 172/6 түзету мекемесінде кездесіп, әңгімелестік. Менің алдымда өзі айтқандай, адам тонаған бандит, төкфирші, Отанына қарсы шыққан террорист емес, жүзі жылы, ашық мінезді жігіт отырды. Біз оның есімін өзінің қалауымен Тұманғали деп өзгерттік.

Тұманғалидың сөзі бүгін мүлде өзгерген. Ол «Сәләфизм, уахабизм — дін емес! Ешқашан дін бола да алмайды! Ислам ізгілікке, мейірімділікке, бауырмалдыққа шақыратын дін болса, сәләфизм керісінше қатыгездікке, жауыздыққа, ұлтсыздыққа, дінсіздікке шақырады», — дейді.

Тұманғали: «Мен, сеніміне селкеу түсіп, үйірінен адасқан көп бейбақтың бірімін. Әрине, айналып қазығымды тауып, үйіріме қосылғаным үшін Құдайға сансыз шүкір! Алайда, мен басқан ағат қадамды басқалар жасамаса екен деп, басымнан өткенді баяндайын. Мен Қазақстанның батыс өңірінде туып-өсіп, ержеттім. Кішкентай күнімнен төбелеске жақын, сотқарлау болдым. Мектеп бітіре сала қоғамға ерте араласып, көше тірліктерімен жүре бастадым. Айналама өзім сияқты

ОЛАР: «ЕГЕР СЕН БҰЛ ЖОЛДАН ҚАЙТАТЫН БОЛСАҢ, «ТАҒҰТ» (АДАСҚАН, ДІННЕН ШЫҚҚАН) БОЛАСЫҢ, СЕНІҢ АРТЫҢНАН ОСЫНДАҒЫ БІРАЗ «БАУЫРЛАР» ДА ДІННЕН ШЫҒАДЫ» ДЕП РАЙЫМНАН ҚАЙТАРУҒА КҮШ САЛА БАСТАДЫ. ИІЛЕ ҚОЙМАСЫМДЫ БІЛГЕН СОҢ, «ЕГЕР РАЙЫҢНАН ҚАЙТПАСАҢ, ЖАНЫҢНАН АЙЫРЫЛАСЫҢ» ДЕП ҚОРҚЫТТЫ. ОЛАРДЫҢ БҰЛ СӨЗІ МЕНІ ҚАТТЫ ОЙЛАНДЫРДЫ. «ЕРКІНДІК ДЕГЕН ҚАЙДА, ДІНДЕ ЗОРЛЫҚ ЖОҚ ДЕГЕНІ ҚАЙДА?» ДЕГЕН САУАЛ МАЗАЛАДЫ. БҰРЫН ДА ОЛАРДЫҢ АРАСЫНДА ЖҮРГЕНІМДЕ МЕЙІРІМДІЛІК, ЖЫЛУЛЫҚ, БАУЫРМАЛДЫҚТАН ГӨРІ ЖАУЫЗДЫҚ, ҚАТЫГЕЗДІК БАСЫМ БОЛАТЫНЫН КӨЗБЕН КӨРДІМ ҒОЙ».

кәпір мемлекет» деп сендірді. Осылайша, намаз бастағанымға екі-үш ай өтпестен сол жігіттердің жетегінде кеттім. Алайда, бұрынғы көше тірліктерінен де қол үзген жоқпын. Себебі, «браттар» «мұсылман еместердің малы адал, олардың малын тартып алуға, тіпті басын кесіп алуға болады» деген пәтуасын беріп, «намаз оқымайтындардың және біздің бағыттан басқа жамағаттың барлығы кәпір» деген

түскендіктен, бой тасалай тұруға келгендігін айтты. Себебін сұрағанымда, араларында бір жігіттің қолдан бомба жасап, өзін-өзі жарып жібергенін жеткізді.

Ертесіне қайтып оралғанымда олардың жасырынып жатқан жерінде қолға түскендерін, сол жерде атыс болғанын, өздері жасаған бомбаларды қолданғанын естідім. Сол жерде болған алты жігіттің бесеуі қаза тауып, біреуі ғана тірідей қолға түскен екен. Ол жерде болмаған, бірақ сол терактіге қатысы болған адамдардың барлығы ұсталды.

уағызшыларының насихатын жиі тыңдапты. Әсіресе, Ризабек Батталұлының сенім туралы мәселені тақтаға сызып көрсеткені қатты әсер етті. Мен содан бастап өзімнің шынымен де адасқанымды түсіне бастадым. Кейін Әбдулмәлік есімді теологпен сөйлесіп, өз жолымның бұрыстығын, адасқан ата-бабам емес, өзім екенімді шындап білдім. Бұл 2018 жыл еді. Осылайша, менің адасқан ағымның ауруынан айығып, ата-баба жолына оралуыма табаны күректей 6 жыл уақыт кетті. Дін мамандарының күш салуымен



2011 жылы. Атырау. Әкімшілік үйі

ТҰМАНҒАЛИДЫҢ ТҰМАНДЫ КҮНДЕРІ

НЕМЕСЕ АҚТАУ ТҮРМЕСІНДЕГІ ЖІГІТТІҢ ӨКІНІШІ

сотқар азаматтарды топтап, бандиттық әрекеттерге де бардым. «Сыртқы жаудан қорғаймыз» деп базардағы саудагерге салық төлетіп отырдым. Сол жүріспен қаншама

ЖІГІТТЕР МАҒАН ДІН ТУРАЛЫ АЙТЫП, УАҒЫЗ ҰСЫНА БАСТАДЫ. ҚОЛЫМА ДАРЫННЫҢ УАҒЫЗЫ ЖАЗЫЛҒАН ДИСКІ ҰСТАТЫП, СОНЫ ТЫҢДАУЫМДЫ ӨТІНДІ. KEYІННЕН 21 АҚИДА САБАҚТАРЫНАН ТҰРАТЫН ХАЛИЛДІҢ, СОСЫН САИД БУРЯТСКИЙДЫҢ УАҒЫЗЫН БЕРДІ. БАРА-БАРА МЕНІҢ ОҚЫП ЖҮРГЕН НАМАЗЫМНЫҢ ДҰРЫС ЕМЕС ЕКЕНДІГІН АЙТЫП, ОҒАН ӨЗДЕРІНІҢ ДӘЛЕЛІН ДЕ КЕЛТІРДІ. САЛТ-ДӘСТҮР, ӘДЕТ-ҒҰРЫПТЫ АДАСУШЫЛЫҚ ДЕП ТҮСІНДІРДІ. ДІНИ САУАТСЫЗДЫҚТАН ОЛАРДЫҢ АЙТҚАНЫНА ИМАНДАЙ ҰЙЫДЫМ. KEYІН МЕШІТ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ, МҮФТИЯТТЫҢ, ХАНАФИ МӘЗҒАБЫН ҰСТАНЫП ЖҮРГЕН ЖАНДАРДЫҢ БАРЛЫҒЫНЫҢ АДАСҚАН, ДІНСІЗ АДАМДАР ЕКЕНДІГІНЕ ИЛАНЫП, «ҚАЗАҚСТАН КӘПІР МЕМЛЕКЕТ» ДЕП СЕНДІРДІ. ОСЫЛАЙША, НАМАЗ БАСТАҒАНЫМА ЕКІ-ҮШ АЙ ӨТПЕСТЕН СОЛ ЖІГІТТЕРДІҢ ЖЕТЕГІНДЕ КЕТТІМ.

адамға зәбір көрсеткенімді, қаншама адамды қан қақсатып, жылдақанымды, қаншама адамнан қарғыс алғанымды білмеймін. Бір білерім, күнәға белшемнен батыпмын. Бірақ ол кезде алдымды болжамалпын, алдағы уақытта жамандықтың одан зорын жасайтынымды білмеген едім... Сөйтіп жүрген күндерде бір жақын адамдарымның жетектеуімен жұма намазына бара бастадым. Кейіннен сол мешітте жүрген кісілерден намаз үйреніп, бес уақыт намазға біржолата келдім.

Бір күні мешіт төңірегінде жүрген бір жігіттермен таныстым. Олар мені өздеріне бауыр көріп, жақын тартты. Мен ол кезде намаз оқығаным болмаса діннен түк те хабарым жоқ еді. Соны білсе керек, жаңағы жігіттер маған дін туралы айтып, уағыз ұсына бастады. Қолыма Дарынның уағыз жазылған дискі ұстапты, соны тыңдауымды өтінді. Кейіннен 21 ақида сабақтарынан тұратын Халилдің, сосын Саид Бурятскийдың уағзын берді. Бара-бара менің оқып жүрген намазымның дұрыс емес екендігін айтып, оған өздерінің дәлелін де келтірді. Салт-дәстүр, әдет-ғұрыпты адасушылық деп түсіндірді. Діни сауатсыздықтан олардың айтқанына имандай ұйдым. Кейін мешіт қызметкерлерінің, мүфтияттың, Ханафи мәзһабын ұстанатын жүрген жандардың барлығының адасқан, дінсіз адамдар екендігіне иланып, «Қазақстан



Көлемі: 6 КМ МББ

үкімге сендірген еді. Олар «мұсылман браттарға көмек керек» деген соң тапқан ақшамды да соларға беріп отырдым».

Тұманғалидың атыраулық «браттары» ақшаны тектен-тек жинамаған екен. Алда Қазақстан түгiлi, алыс-жақын елдердiң жағасын ұстатқан лаңкестiк оқиғалар күтiп тұрыпты.

2011 жылдың тамыз айында Атырау қаласында теракт жасауға дайындалған деструктивті ағым өкілдері қолға түсті. Алғашқы лаңкестік оқиғаның бірі 2011 жылдың 31 қазан күні Атырау қаласында болды. Атырау облысы әкімшілік үйі, прокуратура маңында 2 жарылыс болып, 24 жастағы Бауыржан Сұлтанғалиев өзін-өзі жарып жіберді.

2012 жылы 12 қыркүйекте Атырау облысы Жылыой ауданы Құлсары қаласында полицияға оқ атқан 5 лаңкес мерт болды. Ал қыркүйектің 14-нен 15-не қараған түні Атырау қаласындағы полиция бекетіне біреулер оқ жаудырып, артынша қалалық полиция басқармасының ғимаратына шабуыл жасады. Бір апта өткен соң осы лаңкестік әрекеттерге қатысқан қылмыстық топ 21 қыркүйек күні Атырау қаласындағы «Көктем» саяжайында қолға түсті. Арнайы операция кезінде қарсыласқан 4 лаңкес оққа ұшты.

Міне, бұлар «Жиһадты Сирияда емес, Қазақстанда жасаймыз» деп Тұманғалиға тапсырма беріп, Маңғыстауға аттандырған атыраулық уахабиттер болатын.

Тұманғали: «2012 жылы Атырау облысындағы бір «бауырым» хабарласып, сондағы бос тұрған пәтерімді уақытша бере тұруымыз және өзімнің жедел сонда жетуімді өтінді. Келсем, мені шақырған екі жігіт сақалдарын қырып тастапты. Соңына қуғын

Мен де солардың қатарында ұзақ мерзімге сотталдым.

Тұманғали түрмеге түскен алғашқы жылдары райынан қайтпай, айналасына сәләфиттік көзқарастағы жігіттерді жинап, уағыз таратып, солардың «лидері» болыпты.

Тұманғали: «Түрмеге мамандар келіп кездесу өткізетін, түсіндіру жұмысын жүргізетін. Оларды кәпір ретінде көріп, сөзін құлаққа да ілмейтінмін. Бірақ бір күні сырттан келген бір теологтың айтқаны қатты ойландырды. Жасаған қателіктерімді қолмен ұстағандай, мойныма қойып берді. Білдірмеуге тырысып, сырттай мойындамағаныммен, ойланып қалдым. Әрине, бірден оңала қойған жоқпын. Десе де, кішкене өзере бастағанымды сезген маңымдағы «бауырлар» маған ызаланып, қырын қарай бастады. Олар: «Егер сен бұл жолдан қайтатын болсаң «тағұт» (адасқан, діннен шыққан) боласың, сенің артыңнан осындағы біраз «бауырлар» да діннен шығады» деп райымынан қайтаруға күш сала бастады. Иіле қоймасымды білген соң, «Егер райыңнан қайтпасаң, жаныңнан айырыласың» деп қорқытты. Олардың бұл сөзі мені қатты ойландырды. «Еркіндік деген қайда, дінде зорлық жоқ дегені қайда?» деген сауал мазалады. Бұрын да олардың арасында жүргенімде мейірімділік, жылулық, бауырмалдықтан гөрі жауыздық, қатыгездік басым болатынын көзбен көрдім ғой».

Тұманғали екі ойлы болып жүргенде оны басқа қаладағы түрмеге ауыстырады. Ол этаппен айдалып, Тараз, Астана, Атбасар қалаларындағы түрмеде отырады.

Тұманғали: «Ол түрмелерде де теологтармен кездесулер өтті. Арман Қуанышбаев, Еркін Әміре, Ризабек Баттал, Қабылбек Әліпбай сияқты мүфтияттың

өзімнің оңбай қателескенімді түсіндім. Мұндай жат ағымның ұяты оңайлықпен қайтпайтындығын осыдан-ақ аңғаруға болады.

Кейіпкеріміздің ағынан жарылып айтқан әңгімесінен оның уахабилік ағымда болғанына өкінетіні көрініп тұрды. Ол екі баласы мен әйелін, отбасын қатты сағыныпты. Онымен қоштасып кетерімізде бостандықта жүрген бұрынғы «сыбайластарына», жалпы жастарға айтар соңғы сөзі барын жеткізді.

Тұманғали: «Сіздерге бастан кешкен өмірімді қысқаша болса да осылай айтуым өткенді еске алу ғана емес. Аға-апкелер, іні-қарындастар! Сіздерге айтқым келетіні, сәләфизм, уахабизм дін емес! Бұл — жат мақсаттарға құрылған діни теріс ағым. Ешқашан дін бола алмайды! Ислам ізгілікке, мейірімділікке, бауырмалдыққа шақыратын дін болса, сәләфизм керісінше қатыгездікке, жауыздыққа, ұлтсыздыққа, дінсіздікке

KEYІН ӘБДУЛМӘЛІК ЕСІМДІ ТЕОЛОГПЕН СӨЙЛЕСІП, ӨЗ ЖОЛЫМНЫҢ БҰРЫСТЫҒЫН, АДАСҚАН АТА-БАБАМ ЕМЕС, ӨЗІМ ЕКЕНІМДІ ШЫНДАП БІЛДІМ. БҰЛ 2018 ЖЫЛ ЕДІ. ОСЫЛАЙША, МЕНІҢ АДАСҚАН АҒЫМНЫҢ АУРУЫНАН АЙЫҒЫП, АТА-БАБА ЖОЛЫНА ОРАЛУЫМА ТАБАНЫ КҮРЕКТЕЙ 6 ЖЫЛ УАҚЫТ КЕТТІ. ДІН МАМАНДАРЫНЫҢ КҮШ САЛУЫМЕН ӨЗІМНІҢ ОҢБАЙ ҚАТЕЛЕСКЕНІМДІ ТҮСІНДІМ. МҰНДАЙ ЖАТ АҒЫМНЫҢ ҰЫТЫ ОҢАЙЛЫҚПЕН ҚАЙТПАЙТЫНДЫҒЫН ОСЫДАН-АҚ АҢҒАРУҒА БОЛАДЫ.

шақырады. Бұл жол, біріншіден, аға-бауыр, туыс-туған, жақыныңнан айырса, екіншіден, қоғамнан оқшауландырып, ұлттан, Отаннан айырады. Ал Отансыз, ұлтсыз, ата-ана, туыс-туғансыз кез келген адам екі дүниеде де ешкім емес! Соны ұмытпаңыздар! Мен жасаған қателікті сіздер жасай көрмеңіздер!».

Біз оның бұл сөзін діни сауатсыздық салдарынан адасып, орны толмас қателікке ұрынып, бірақ бұрынғы бейбіт, алаңсыз өміріне қайта оралғысы келетін адамның алдағы күндерге деген үміті деп түсіндік. Лайым, солай болғай!

Ерзат ТӨЛЕШҰЛЫ,
Маңғыстау облысы



E-mail: jasqazaq2019@mail.ru

www.jasqazaq.kz

BILIM

Ашық әңгіме

(Басы 1-бетте)

Jas qazaq: Оқулық шығару авторлық топтар арасындағы бәсекеге айналды. «Әліппе» мен «Ана тілін» шығаруға екі, не одан да көп баспа бәйгеге түсетіні анық. Оқулықты іріктеп алатын комиссия болады екен. Ол комиссия қалай құрылады? Қандай мамандар бар құрамында? Әлгі комиссияға баспалардың «бармақ басты, көз қысты» ықпалы болмай ма? Ең бастысы, сол комиссияға еліміздегі ең білікті мамандар тартылды ма? Оқулық жазып жатқан мамандардың өзі сол комиссияда бар ма? Болса, күні ертең ол өз «баспасының» сойылын соқпай ма?

Ғ.Бейсембаев: Оқулық шығару бәсекелестік ортада екендігі жасырын емес. Әлемдік тәжірибеде бар кейс. Еліміз Тәуелсіздік алғаннан бері «Оқулық» жазумен айналысып келе жатқан баспалар бар. Соңғы жылдарда сол қатарды толықтырып отырған баспалар да жетерлік.

Оқулыққа сараптама жүргізу бірнеше кезеңнен тұрады. Бұл – күрделі процесс. Біріншіден, сарапшылар базасын қалыптастыру үшін елімізге белгілі ғалымдар мен

еді? Жалпы оқулық дайындауды баспалардан алып, кейбір сарапшылар айтып жүргендей бір орталыққа беру қисынсыз деп ойлаймын. Төл оқулықтарымыз жазыла бастаған тоқсаныншы жылдардың аяғында оқулық әзірлеу ісі Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының



Ғани БЕЙСЕМБАЕВ,

«Оқулық» республикалық ғылыми-практикалық орталығының директоры:

ОҚУШЫНЫҢ ҚОЛЫНДА САПААЛЫ ОҚУЛЫҚ БОЛСА, МҰНДАЙ ОЙ ТУМАС ПА ЕДІ?

жоғары білікті ұстаздар, өз мамандығының шеберлері әдіскерлер бірнеше тәсілмен іріктеуден өтеді. Базадағы сарапшылар баспа өкілі не оқулық авторы бола алмайды. Оған тыйым салынған. Сарапшы мен орталық арасында келісімшарт жасалады. Іріктеуден сүрінбей өткендері ғана орталықтың

ҚАЗІРГІ ТАҢДА ОҚУЛЫҚ ӘЗІРЛЕУШІ БАСПАЛАР ОСЫ БАҒДАРЛАМАҒА СӨЙКЕС «ӘЛІППЕ», «АНА ТІЛІ» ОҚУЛЫҚТАРЫН ӘЗІРЛЕДІ. ОҚУЛЫҚТАР «ОҚУЛЫҚ» ОРТАЛЫҒЫНА ҒЫЛЫМИ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ САРАПТАМАҒА ЖӘНЕ АРНАЙЫ ІРІКТЕЛГЕН РЕСПУБЛИКА БОЙЫНША ПИЛОТТЫҚ МЕКТЕПТЕРГЕ СЫНАҚТАН ӨТКІЗУГЕ ЖІБЕРІЛДІ. БҰЛ ЖОЛЫ ОҚУЛЫҚТАРДЫ ҰЗАҚ ЖЫЛДАН БЕРГІ ТӘЖІРИБЕСІ БАР, АРНАЙЫ ОҚЫТУ КУРСЫНАН ӨТІП СЕРТИФИКАТ АЛҒАН МАМАНДАР ЖАЗДЫ.

сарапшылар базасына ену мәртебесіне ие болады. Сол базадағы сарапшылардың екі дүркін сараптамасынан және министрлік белгілеген пилоттық мектептерден сынақтан, қоғамдық ашық талқылаудан өткеннен кейін шешім шығару үшін арнайы комиссияға жіберіледі. Бұл комиссия пәндік сараптамалық комиссия деп аталады. Белгілі бір талаптарға сай таңдау конкурсынан және оқыту курстарынан өткен, сертификаттары бар білікті педагог мамандардан құралады. Олар сараптамадан өткен оқулықтарды құпия режимде соңғы рет қарастырып, қорытынды шешім шығарады. Осы комиссияның шешімі негізінде бәсекелестік ортадан ең сапалы оқулық іріктеліп алып, білім беру ұйымдарында қолданылатын оқулықтар тізбесіне енгізіледі.

Jas qazaq: Оқулық шығаруды жекелеген баспалар монополияға айналдырып алды. Былайша айтқанда, оқулық шығару – қып-қызыл бизнес. Сіздіңше, ұрпақтың болашағын жеке баспаға беріп, тілгі оқулық авторын баспаның өз таңдауына қалдыру қаншалықты қисынды?

Ғ.Бейсембаев: «Оқулық шығаруды жекелеген баспалар монополияға айналдырып алды» деген сөзіңіздің астарында оқулықтағы олқылықтарға қатысты ашу-ыза аралас реніштің болатыны заңды. Бүгінде оқушының қолында сапалы оқулық болса, мұндай ой тумас па еді? Бұған, әрине, баспалардың да ең үлкен жауапкершілігі бар екені рас. Дегенмен әлемдік тәжірибеде оқушының оқулығын әр елдің өз баспалары басып шығаратыны белгілі. Оқулықты баспадан басып шығармас бұрын, әр баспагер көзі жәудіреп сапалы оқулық күткен үш жарым миллион оқушыны көз алдына елестетсе екен дегім келеді. Оқулыққа қатысы бар кез келген маман осылай ойласа, оқулық сапасы да артар ма

береді. Биыл сыртқы сарапшыларды, оқулық авторларын арнайы екі апталық курстардан өткізіп, емтихан тапсырту арқылы іріктеп, тек сертификатталған мамандарды ғана сараптамаға тартуды жолға қоюдамыз.

Jas qazaq: Бұған дейін кейбір баспалардың оқулықты Қырғызстан мамандарына жаздырғаны туралы айтылып еді. Аз қаламақы төлеуді ойлаған болар. Бірақ бір елдің оқулығын өзге елдің авторы қалай жазады?

Ғ.Бейсембаев: Кей баспалардың типографиялық әлеуетінің әлсіздігіне байланысты дайын оқулықтарды шетелдерде басып шығаруы мүмкін. Бұл орайда отандық баспаханаларды көбірек дамыту қажеттілігін еліміздегі бизнес қауымдастығы қолға алса жөн болар еді. Алайда авторларды Қырғызстаннан тарту фактілері кездескен емес.

Jas qazaq: Оқулықтың мазмұнына да сын көп. Мысалы, 1-сыныптың оқулығында «салмақ», «жылдамдық» деген сияқты физикалық терминдер кездеседі. Есептердің сөзі шұбаланқы, мәтіні түсініксіз. Мұның бәрі қасақана жасала ма, әлде баланың ой-өрісін дамыту үшін солай жазыла ма?

Ғ.Бейсембаев: Ондай мәселе бар екенін мойындауымыз керек. Алайда бұл оқу бағдарламаларын жасақтауда ескерілетін мәселе. Оқулықтағы мәтін мен терминдердің баланың жас ерекшелігіне сай болуы және оларды бірізділікке келтіру бойынша жақында арнайы жұмыс тобын құрып, арнайы отырыс өткізген болатынбыз. А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі



институты, «Тіл-Қазына» ғылыми-практикалық орталығы, қоғам қайраткерлері, ғалымдардың басын қосқан жиында аталған мәселені шешуге бағытталған нақты қадамдар белгіленді. Алдағы уақытта жемісін көреміз деген үміттеміз.

БІЗ ҮШІН КЕЗ КЕЛГЕН СЫНДАРЛЫ СЫН ПІКІРЛЕРДІҢ БАРЛЫҒЫ ҚҰНДЫ. ТЕК КЕЙ КЕЗДЕ СОЛ СЫН АЙТУШЫЛАРДЫҢ СӨЗІ ШЫН СЫН БА, ӘЛДЕ АЛЫПҚАШПА ӘҢГІМЕ МЕ, СОНЫ АНЫҚТАУ ҚИЫН. КЕЙБІР ЖЕКЕЛЕГЕН ТОПТАР БҰЛ ТАҚЫРЫПТЫҢ АЙНАЛАСЫНДА ХАЙП ІЗДЕП ЖҮРГЕНДЕЙ КӨРІНЕДІ. ОҚУЛЫҚ – СЕНСАЦИЯ ІЗДЕЙТІН ТАҚЫРЫП ЕМЕС. ОҚУЛЫҚ – ОҚУШЫНЫ УЫЗДАНДЫРАТЫН ҚҰНДЫ ҚҰРАЛ. ОЛ ЖЕРГЕ ДАБЫРА-ДАҚПЫРТ ЖҮРМЕЙДІ. БІЗ ӘРБІР СЫНҒА НАЗАР САЛАМЫЗ, НЕГІЗГІ ЖҰМЫСЫМЫЗДАН БЫЛАЙ ШЫҒЫП, СОНЫҢ АНЫҚ-ҚАНЫҒЫН ТЕКСЕРЕМІЗ. КӨП ЖАҒДАЙДА НЕГІЗСІЗ БОЛЫП ШЫҒАДЫ. НЕГІЗІ СЫНДЫ АЙТУ ҮШІН ДЕ АДАМ МАМАН БОЛУЫ КЕРЕК.

ОҚУЛЫҚТЫ БАСПАДАН БАСЫП ШЫҒАРМАС БҰРЫН, ӘР БАСПАҒЕР КӨЗІ ЖӘУДІРЕП САПААЛЫ ОҚУЛЫҚ КҮТКЕН ҮШ ЖАРЫМ МИЛЛИОН ОҚУШЫНЫ КӨЗ АЛДЫНА ЕЛЕСТЕТСЕ ЕКЕН ДЕГІМ КЕЛЕДІ. ОҚУЛЫҚҚА ҚАТЫСЫ БАР КЕЗ КЕЛГЕН МАМАН ОСЫЛАЙ ОЙЛАСА, ОҚУЛЫҚ САПАСЫ ДА АРТАР МА ЕДІ?

Jas qazaq: Еліміздегі ұлттық мектептерге де жекелеген баспа оқулық жазатын көрінеді. Мәселен, өзбек және ұйғыр тіліндегі мектептерге оқулықты «Жазушы» баспасы жазды екен. Олар да мамандарды сол ұлттың өкілдерінен өздері тандап алатын көрінеді. Қалай жазып жатыр? Идеологиясы қалай? Мектеп табалдырығын жаңа аттаған бала қай ұлттың құндылықтарын сіңіріп жатыр? Ертең олар Қазақ мемлекетінің патриоты бола ма? Осы жағын зерттеп көрдіңіздер ме?

Ғ.Бейсембаев: Қандай авторлық ұжым жазса да, оқулық – мемлекеттің саясатын жүргізетін арнайы мекеме – «Оқулық» орталығынан сараптамадан өтуі тиіс. Барлығы бақылауда екендігін жеткізім келеді. Оның үстіне, биыл сараптама жұмысына тағы бір жаңалық енгізілді. Ол – оқулықтарды психолінгвистикалық және этномәдени сынақтан өткізу. Осыған маманданған сарапшыларды жинап, арнайы бөлім аштық. Бұл – әрбір оқулықта қазаққа тән ұлттық нақыштың сақталуы, салт-дәстүрдің заманауи құндылықтармен ұштасуы тұрғысынан сараптама жасалатын деген сөз. Оқулық мазмұнын кемелдендіре түсу үшін жаңа тетіктер қастыру кезек күттірмейді. Ал психологиялық-лингвистикалық,

яки дидактикалық сараптама әлемдік тәжірибеде бар. Біз де тұңғыш рет қолға алдық. Осы мәселелермен арнайы айналысатын құрылым құрудың сындарлылығын түсініп отырғаныңызға рахмет!

Jas qazaq: Қоғам тарапынан ең көп сын айтылатын саланың бірі, осы – оқулық. Сын көп жерде сапа да болу керек деп ойлаймыз.

Ғ.Бейсембаев: Қызметке келген сәттен бастап бірінші кезекте оқулыққа қатысты жылдар бойы елдің айтып, жазып жатқан барлық сын-пікірлерін жинақтап, оқып таныстым десе де болады. Біз үшін кез келген сындарлы сын пікірлердің барлығы құнды. Тек кей кезде сол сын айтушылардың сөзі шын сын ба, әлде алыпқашпа әңгіме ме, соны анықтау қиын. Кейбір жекелеген топтар бұл тақырыптың

айналасында хайп іздеп жүргендей көрінеді. Оқулық – сенсация іздейтін тақырып емес. Оқулық – оқушыны уыздандыратын құнды құрал. Ол жерге дабыра-дақпырт жүрмейді. Біз әрбір сынға назар саламыз, негізгі жұмысымыздан былай шығып, соның анық-қанығын тексереміз. Көп жағдайда негізсіз болып шығады. Негізсіз сынды айту үшін де адам маман болуы керек. «Шымышқ сойса да, қасапшы сойсын» деген бар емес пе? Сондықтан да сын айтуға да жанашырлық пен жауапкершілік керектігін атап өткен жөн. Яки, «сын түзелмей, мін түзелмейді» дегенді еске салғым келеді. Бұл ретте орталығымыз оқу басылымдарына қатысты пікір білдіріп отыратын бастамашыл топтармен мақсатты түрде жұмыс істеуді қолға алмақшы. Мысалы, белсенді ата-аналар, мұғалімдер, ғалымдар, БАҚ өкілдерін, айтары бар басқа сала мамандарын, жалпы осы саладан тыс қоғам өкілдерін тегін оқыту көзделуде. Сөйтіп оқулық сапасының артуына атсалысатын сарапшылардың қоғамдық ортасын қалыптастыру міндеті жүзеге асырылмақ. Оның артында сарапшылардың электронды базасын қалыптастыру секілді үлкен тірлік тұр.

Жалпы, оқулық жазудың үлкен ғылым екендігі белгілі. Ғылыми әдістемесіз іс нәтижелі болмақ емес. Сол үшін де Орталық жанынан Ғылыми әдіснамалық кеңес құрып отырмыз. Оған аты мәшһүр ғалымдар тартылған. Мұның бәрі де оқулықтың қазақ мүддесіне сай әзірленуі үшін жасалып жатқан қадамдар. Сапалы сараптамалық жұмыс қарқын ала беретін болады.

Jas qazaq: Әңгімеңізге рахмет!

Жарас КЕМЕЛЖАН

Екеуіміз алғаш кездескенде ол ықшам басын сол жағына қисайта еңкейінкіреп, аяғын әдейі аздап сүйрете басқандай болып, әлденеге асығып келе жатқан шағын денелі жігіт ағасы еді. Алматыға көшіп келіп, біраздан бергі таныстарым композитор Шәмші Қалдаяқов пен акын Жүмекен Нәжімеденовтің ақылымен, «Қазақ әдебиеті» газетінің редакторы Нығмет аға Ғабдуллинның қалауымен, әдеби апталық редакциясының онда-мұнда жүріп тұратын тілшісі қызметіне кіріскен кезім-ді. Ойда жоқта Жазушылар одағы ғимаратының алдында жолығысқан Сәкенді газет-журналдардағы әзіл-сықақ әңгімелері мен фельетондары, суреттері арқылы танытынымды мaldанып, алдына еркін барып:

— Ассалаумағалейкүм! — дедім. Ол қалт тұра қалып, жымия қарап:
— Уағалейкүм! Танымадым, қай жігітсің? — деді.

Аты-жөнімді, мән-жайымды айттым. 1966 жылдың көкек айы болатын.
— Өскеменің ақ қар, көк мұз болып жатқан шығар, анау бір жылы дәл осы уақта барып, мұз көшесінде мұрттай ұшып, жамбасымды жарып ала жаздағанмын, — деп жымындай түсті.

— Е, иә, жылы жатқан келгендерлі сөйтіп сынайтыны бар. Сізді «достарыңыз» да ұмыта қойған жоқ: «Жамбастап жүретін сол сары ку енді келсе ме!» десіп, «сыбағанызды» сақтап жүрген көрінеді, — дегенімде Сәкен шалқан мөз болып күлді де, мені қолтығымнан ұстай алып:

— Жүр, кабинеттеріне барайық, ол «достарымның» қызығы көп, саған айтып берейін. Жаухатшы Ғаббас Жұмабаев екеуін бір кабинеттесіндер ме? — деді. «Жаухатшысы» — «жауапты хатшы» дегені. Ақын Ғаббас Жұмабаев сол қызметте болатын, ал мен әрі тілші, әрі оның орынбасарымын.
«Сізді «достарыңыз» да ұмыта қойған жоқ» дегенім: содан бес ай шамасы бұрын ол біздің облыста болып, екі-үш ауданды аралап, бір совхоз директорын, бір ауданның совет атқару комитеті басшыларын фельетон етіп жазып, жау тигендей ұлатып-шулатқан. Әжуасы ақырында төрт «мықтыны» мықшитып тынған.

Сөйтіп Сәкен екеуіміз көптен кездеспеген байырғы жолдастарша солай жараса шүйіркелесіп кеттік. Ол менен он үш жас үлкен болса да, «жақсыда жаттық жоғымен» баурап, құдды құрдастарша қалжындаса беретін болдық. Бірте-бірте сырласып та кеттік. Ақкөңіл, ашық мінезді жан еді. «Тарының түйіріндей қиянатқа гүрзі ала ұмтылатын ауруым бар, соным жүйкемді жеп тауысар!» деп қоятын кейде. Әлдебір әділетсіздікке куә болған күндерінде...

* * *

«Атылған қыз туралы аңыз» романын маған да қолтанбамен сыйлағаны кешегідей есімде. «Әзіл-сықаққа әдебиетіміздің бір саласы-ау деп назар аударылмайтын бұл пәле «тәртіптен» қашан құтылар екенбіз? Жазушылар одағының үлкен-кіші төрелері, айтпақшы, Әнуар Әлімжановтан басқасы, сатираны оқыған емес. Әдебиеттің сыншысы болып жүрген мықтылар да макалаларындағы құлаш-құлаш тізімдеріне сатириктерді кіргізбейді» дегені бар. Шынында, әзіл-сықақшылар бірімізді біріміз іздемесек, не жазып, қалай жазып жүргеніміз жөнінде өзара пікірлесіп, парықтағанымызды ортаға салмасак, бізді санат тұрғы санға қосатын сыншы көрінбейді. Мемлекеттік университеттегі оқытушы Темірбек Қожакеев қана жалғыз жоқшымыз болып келеді. Осылай ой түйдім де, Сәкеннің романына пікір жаздым. Сатиралық романның дүниеге келгенін қуана құптауым басым болса да, автордың күлкі үйіретін кейбір сөз тіркестері қайталанып қалатынын, әр жылдары шыққан туындыларға киюласуы мүмкін сөз тіркестің бір ғана романда кездесе бергені жараспай тұрғанын айттым. Мақалам «Қазақ әдебиетінде» жарияланды. Ертеңінде Сәкен қызық ойынға кешігіп жеткен балаша арсалаңдап кіріп келіп, мені бас салып құшақтап:

— Өй, айналып кетейін-ай! Жаман ағанның төбесін көкке жарты елі ғана жеткізбедін-ау! Оқылдым, рахмет, көкем! Бірақ есінде болсын, сен төрт ескерту жасаған екенсің, мен оның екеуін ғана қабылдаймын, ұқтың ба, түсіндің бе? — деп жымыңдады.

— Екеуін алсаңыз, Сәке, екеуі қалды, ондай тепе-теңді бухгалтерлер «армянский баланс» дейді.

— Солай ма? Ал оны қазақшаға аударғанда қалай делінеді?

— Қазақшасы ма? «Қой да аман, қасқыр да ток» шығар?

Сәкен сық-сық күлкісіне басып алып:

— Ғаббасжан, жалпы бар ғой, «армянский баланс» «қазақский баланс» артық па деймін. Көрсерсін, менің бұл романыма қазақтың «балансшылары» жуық маңда очко бермейді. Жүр, кофе ішейік, жүрі! — деді.

Ғимараттың бірінші қабатындағы асханаға екеу болып барып, Сыраған — Сырбай Мәуленов бастаған алтау-жетеу болып шықтық. «Әй, айналайын інішектерім, менің бұл романымды мына Сырбай мен анау Тахауи, Жұбан ағаларың келесі романым шыққанша «жуғызады», жұмаса бар ғой, онда сабайды, көрсерсіндер!» деп бізді ду күлдірді.

Қайран құрдастық, достық! Сәкен мен құрдас-достарының арасында «Тотының тоғыз тарауына» бергісіз хикаяның көп болғаны қаламдастар қауымына жақсы мәлім. «Отыз тістен шыққан сөз отыз ру елге тарайды», Алматыдан шалғай қалаларда, ауылдарда болып жүргенімде әңгімеміз әдебиетке ойысса-ақ жұртшылық: «Садықбек Адамбековпен таныссың ба? Аты аңызға айналған ол фельетоншымыздың өмірі небір қызық оқиғаға толы дегенді естиміз, сонан қайсысы рас, қайсысы құрдастарының ойдан шығарғаны?» деп білмекке құмрлық танытады. Мен, әрине, Сәкенмен таныс-біліс екенімді іштей мақтан тұта отырып, естігендерімді тұздықтап айтып беруден әсте жалықпаймын. Тыңдаушылар бір жасап қалады. «Уай, Сәке-ай!» деп желпініседі.

Қазағымда Садықбектей алтын айдарлы сықақшы болса, мен оның іні-құрдасы, іні-сырласы болсам, неге мақтан тұтпайын?! Ол жайында тараған бірдемдік әдемі әңгімені неге хикаяға айналдырып айтпайын?!



СЫРЛАС ЕДІК

* * *

«...Біз, екеуіміз, қандай сырлас едік! Адам үшін де, заман үшін де қанша ауыр күрсініп сөйлеспедік?! Соның бәрі күндердің-күнінде көрген түстей болды. Жабық есіктің ішінде маған жабылған қара шапан көңілде қара дақ қалдырды.

«Япыр-ай, мына сұмдықты кім ойлап тапты? Ғаббас қалай білмеді?» деген күлкі менің ашық көңіліме күнде қара бұлт болып орала берді...

...Өмірде көрген жалғыз бақытым — ауылда той дүрілдеп жатқанда бір топ адамның ішінде:



Ақын-жазушылар Асқар Тоқмағанбетов, Қалқабай Әбенов, Садықбек Адамбеков, Қомшабай Сүйеніш

— Бұл тойға Қалдарбек емес, Ғаббас келуі керек еді, бұл жігіт сараңдық істеді, — деп қасымдағы Тұтқабайға қарадым. Ол жымысқы күлкімен бір мырс етті...»

Бұл — Сәкеннің маған 1995 жылы 24 маусым күні Оңтүстіктің Арыс қаласынан жолдаған хатының алғашқы сөйлемдері. Соңғы сөйлемдері былай: «...Әдебиет әлеміне от ұстап келіп едім, отқа оранып өлетініме кәміл сенетін шығарсың. Менің айтар өкпе-назым жоқ. Құдайдың салғанын көріп жатырмын. Арыс азаматтарының арқасында жоқшылық көріп, жалғыздық көріп жатқаным жоқ. Бірақ мына «шылбыр сүйреткен» пасық ауру арыма да, намысыма да тиіп, көз алдым күнгірт тарта береді...»

От ұстап жүрген Сәкен Арысқа сол барғанынан Алматыға қайта орала алмады. Алматыда қанша емделсе де, зор жолдарының зақамы жазылмай, азғасы әлсірей берген, «шылбыр сүйретпексе» шарасы қалмаған. Сол халіне налып жүрген күндерінің бірінде: «Жас шағым, жақсы шағым өткен бұл Алматының атына қызықпасам, затына қызығар мен енді жоқпын. Есім барда елімді табайын, ауылымды жағалайын...» деген-ді. Көңілін жұбату үшін әрқашанғымша еркелей қалжындап: «Сәке, жақсы адамға жаман ауру үйір болады, бірақ дәнене істей алмай, ақырында жыланның қабығынша өзінен-өзі сыпырылып қалады.

=====

Осыны ұмытпаңыз. Содан кейін ұмытпас тағы бір нәрсе: мен барғанда Арыстағы әлгі штатыңыздан тыс айдай ару жеңгелерімнің бәрін маған көрсетіп, көрімдік алыңыз!» дедім. Ол ғалетінше көзін сығырайта сық-сық күліп: «Аруды ауруға айырбастағанына үш жыл болған Садықбектен енді ондай ерлік күтпе... әй!.. сырымды айтам деп шынымды айтып қойдым, қап!» — деді. Екеуіміз жарыса күлдік.

Ақ көңіл ағанын халі қиындай берерін дәрігерден білгенмін. Мүмкін болғанынша жәрдемдесуіміз керек деп, Жазушылар одағы басқармасының екінші хатшысы пәрменін пайдалана әрекет жасап, Әдеби қордан ақшалай көмек, сондай-ақ Арыс қаласына екі аптаға одақтан командировка бергіздім. Республика президенті тағайындаған стипендияны алып жүрген қырық шақты жазушының тізіміне енгіздірдім. Құзырлы кісілерге хат жазып, телефон шалып дегендей. Президент стипендиясы, егер ұмытпасам, токсанда бір беріледі, ал Арысқа бара ауруханаға жатуға мәжбүр болған Сәкенге ем-дом үшін қаржы күнбе-күн дерлік керек. Президент әкімдігінің стипендияны қадағалайтын бөліміндегілермен сөйлесіп, Сәкенге берілер ақшаны одақтың бухгалтериясына аударып тұратын етіп, одақтың бас бухгалтеріне Сәкенге тиесіліні өз

атына поштамен ай сайын жіберіп отыруды тапсырдым.

Иә, біз хат жазысып тұрдық. Екеуіміздің бұрынғы сырларымызды жалғастырған хаттар. Ал сырымыздың қыры көп болған. Жеке бастық оны-мұны жәйттер, денсаулық, заман, қоғам, әдебиет, өзімізбен жақын қарым-қатынасты үлкен-кіші қаламдастар туралы ой-пікір. Реніш те, қуаныш та бар. Сәкеннің Алматыдан ауылға аттанбас бұрын өзі дайындап, баспаға өткізген екі томдығын шығару тым тәтті үлдемен басталып, түсініксіз шырғалаңға айналды. Соған қатты күйінген Сәкен өзін үлдемен байытып қала берген, «Алматыда алшандап жүрген» екі

болғанынан Түркияда, Қытайда, Алманияда, т.б. елдерде жүргені көп. Сол әдеті созыла берген соң Сәкенді ұжым дастарханына шақырып, баршамыз ақ тілегімізді білдіріп, иығына шапан жапқанмын. Өйтпесіме болмаған, жерлестерінің Сәкенді мерейтойын өткізуге елге шақырған күн жақындап қалған. Одақтың думандатарына сенген ағанын қабағы түнеріңкі тартты. Анау хатындағы: «Жабық есіктің ішінде маған жабылған қара шапан көңілде қара дақ қалдырды» деуі сондықтан.

Елдегі тойының ойдағайды өткізілмегені де жүйкесін жұқартқан екен. Ол туралы хатында: «Сыр сапары жайында елдің айтып жүрген ертегісі дұрыс емес» деп, өзі еріксіз куә болған қитұрқыларды тәптіштеп жазыпты. Той алдында Сәкеннің атын туған ауылы сыртындағы бір тоғайға қойған-ды, сол туралы айтқаны: «...Маған берілген тоғайдың» да соры жетіп жатыр. «Тумағанның түбі шикі» деген осы. Ну орман болып кететін тоғай қазір жын-ойнағы. Құдай бермеген сен, адамның бергені ешнәрсе болмайды екен...».

Сәкеннің енді бір хаты мынадай жанайқайын ала келді: «Арыста менің атыма бір мектеп-интернат «Садықбек Адамбеков атындағы мектеп-интернат деп аталсын» деген екен. Осы интернаттың директоры: «Сәкеннің

ешқандай атағы жоқ, қалай осындай үлкен мектепті ол кісінің атына қоямыз?» деп кейде өшіріп, кейде қайта жазып, көзімше қорлық көрсетіп жүр». Мәдениеттен, әдебиеттен әліпті

таяқ дей алардай хабар-ошары жоқ шалақ белсенділерге қараған күн сол. Қазақстанға белгілі қарымды қаламгер Садықбек Адамбековті ауылы мен ауданының басшылары сыйлай білмей, осылайша шаршатқан. Сәкеннің әрбір ренішінен кейін оларға не телефон соғып, не хат жазып хабарласқанымда бәрі-ақ: «Денсаулығы онша болмай жүрген соң Сәкен кейде асырынқырап айтып жібереді, онысына ренжімейміз, ал жаңағы айтқан жағдайды қадағалаймыз, сөзсіз дұрыстаймыз, қапа болманыздар» деген. Шарафатысыздар шығарып салар сөзге кенде болған емес. Бұйрық берер дәтін жоқта сенбеске лажың қалмайды. Жоғарыларына жолдаған сөзің де қиралаң жолмен аяндап соларға барады да, сол жолмен қайырылып саған келеді. Құралақан емес, жып-жылы уезде болып жетеді. Тағы сенесің. Сәкенді тағы жұбатасың. Шаршап-шалдыққан Сәкен келесі бір хатында ұзақ-ұзақ сыр шертіп алып: «...мен сорлы жеті жасымда өскен детдомға жетпіс төрт жасымда қайтып келген жоқпын ба?!» деп өксіп тоқтаған еді. Өмір иелерінің емес, қатардағы қайырымды қарапайым інілерінің арқасында «Арыс» санаторийінде бірнеше ай жатқан Сәкен ол ғимарат толық жөндеуге жабылған соң сондағы Жетім балалар үйінің бір бөлмесіне орналастырылған екен. Өксіп айтқаны — сол халі. Ақша сінбіріп жүрген жергілікті бизнесшілердің бір-екеуі Сәкенге о баста пәтер сатып әпермек игі ниет білдірген еді, амал не, «құрғақ қасық ауыз жыртты». Көңіл күйі аласапыран болып жүрген Сәкенге әдебиет ауылындағы ағаларының, дос-жолдастарының қатары сирей бастағаны да ауыр тиді. Хаты сөйлесін:

*«...Жалғыз түп қана тал едің,
Кеттің орман өсіріп,
Сол орманға ел көшіріп.
Мен үйімді жыға бастадым,
Ошақтың отын өшіріп,*

— деген жолдарым Сырбай қазасында гәзетке басылған өлеңнен үзінді ғой. Жұбан дүние салғанда жүрегім қанша сыздаса да: «Жұбан болып туудың да, Махамбет болып өлдің сен», — деп өзіме тоқтау салып ем... Сырбай қазасы мені сансыратып кетті, қан жылатып кетті. Жалғыз қалғанымды сонда ғана сездім. Мені бір үрей басты...» (09. 02. 1996).

Сәкен мен Сырбай Мәуленов, Тахауи Ахтанов, Жұбан Молдағалиев жалынды жігіт шақтарында табысқан, әзіл-қалжындары жарасқан достар еді. Араларынан қыл өтпеді. Сәкеннің әсіресе Сыр-ағамен ағайынды жігіттердей, тіпті егіздердей ерекше жақын болғаны көпке аян. Мынау хатқа қайта үңілейікші: «...Сырбай қазасы мені сансыратып кетті, қан жылатып кетті. Жалғыз қалғанымды сонда ғана сездім. Мені бір үрей басты...». Тахан мен Жүбекеннің көз жұмғаны да Сәкенге тағдырдың қатты соққысы болғаны сөзсіз.

Өзі «қасиетті төрт шал» деп атаған Мұхтар Әуезов пен Сәбит Мұқановтан, Ғабит Мүсірепов пен Ғабиден Мұстафиннен кейінгі тірегі де, сүйеніші де болған үш

досының артында қалған соң өзін «жетім шал» атағаны да түсінікті. Соңғы хаттарының бірін: «...Саған сенім артып, көп сөз айттым, кешірсенің, Ғаббас-жан! Жетім шалым — Садықбек» деп аяқтағанын осы мақаламды жазып отырып оқығанда да көзіме жас үйірілді.

Тіріліктің қалтарысы көп. Соның әләуәліімен жүргенімізде уақыттың шаңын қауып, алды-артымызды бағдарлай алмайтынымыз бар. Жылы сөз айтуымызды тілеген, қолтығынан демеуімізді күткен қадірменді үлкен-кішіні кейде көрмей қаламыз, кейде көре тұра, елемей кете береміз. Сол қадірменді ағаларымыздың бірі Сәкен еді. «Сенімді, жақын інім» деп білген біріміз мүмкіндігіміз бола тұра, кітабын шығаруға көмектеспедік, біріміз ауылына бараып жүріп бұрылып сәлем бермедік, біріміз іздеп бара алмадық... Қайсыбірін айтарсың. Өтті. Кетті. Өкініш болып қалды.

Ғаббас
КАБЫШҰЛЫ



ААМАТЫ АРУЫ-2020



Жуырда өткен «Алматы аруы – 2020» байқауының бас жүлдесі 20 жастағы Әсият Есенбаеваға бұйырды. «Ай десе – аузы, күн десе – көзі бар» небір сұлуды шаң қаптырған бойжеткен алдағы жоспары мен мақсаты жайында әңгімелеп берді.

Jas qazaq:

Әсият, ең алдымен өзіңіз жайлы айтып өтсеңіз. Байқауға дейінгі Әсият қандай еді?

Ә.Есенбаева: Мен Алматы қаласында дүниеге келдім. Әкем Атыраудың, анам – Шымкент өңірінің тумасы. Қазір Мәскеу халықаралық университетінің журналистика факультетінде оқимын. Бос уақытымда сурет салып, бейнероликтер түсіріп, бимен айналысамын. Байқауға дейін өте ұялшақ едім. Бірақ алдыма үлкен мақсат қойдым. Бір күні университет іздеп, ғаламтор ақтарып отырғанда «Бүгін Алматы аруы – 2020» байқауына өтініш беруге соңғы күн» деген хабарламаны көрдім. «Бәлкім, осы жолы бағым жанар» деген үмітпен анкетаны толтырдым. Ертеңіне ұйымдастырушылар кастингке шақырып, ақырында үміткер болып шыға келдім.

Jas qazaq: Бұл байқауға қатысу үшін мыңнан аса ару өтініш білдіріпті. Байқаудың басты талаптары қандай болды?

Ә.Есенбаева: Байқаудағы басты талаптың бірі – бойдың ұзындығы. Талап бойынша 170 см-ден жоғары болуы керек. Мен кастингке



ӘСІЯТ ЕСЕНБАЕВА

«Болашақта бестселлер жазғым келеді»

келгенде 600-700-ге тарта үміткер бар еді. Көбі өте алмады. Себебі ұйымдастырушылар бой өлшемі жетпеген қыздарға бірден әрі қарай

кезек бойынша 500-ші болып, соңғы ондықтың қатарында болдым. Кезегіміз кешке бір-ақ жетті. Дегенмен күткен үмітім ақталды. Әділқазылардың көзіне түсіп, келесі кезеңге өттім. Әрмен қарай қатысушылар саны азая берді. Бірнеше турдан кейін 25 қатысушы қалдық. Биылғы байқау пандемия салдарынан ұзаққа созылды. Бүкіл сактық шараларын ұстандық. Онлайн форматта бейне-визиткалар жасау, камераға карап сөйлеу сынды тексерістер болды.

Jas qazaq: Жөнімпаз атанғаннан кейін көпшілік назарына іліндіңіз. Осы атакпен бірге келген жауапкершілікті сезіндіңіз бе?

Ә.Есенбаева: Әрине, үлкен жауапкершілікті сезінемін. Өзім де танымал болуды армандайтынмын. Журналистика мамандығын таңдағандықтан, телевизия саласында жұмыс істегім келеді. Бұдан әрі өзімді тек жаксы жағынан көрсетіп, басқаларға үлгі болсам деймін.

Jas qazaq: Әсият, казак қызының бойында қандай касиеттер болу керек деп ойлайсың? Өзің құралпы кейбіреулер ана тілінде сөйлегісі келмейді. Оған көзқарасың қандай?

Ә.Есенбаева: Қазақ қызының бойында ең алдымен шыдамдылық,

Менінше, әрбір қазақ өз тілін құрметтеуі керек. Әрине, екі тілді білген дұрыс. Ол – заман талабы. Ал одан да көп тіл үйреніп жатса, тіпті жаксы. Бірақ әр адам өз ана тілін құрметтеуі керек.

Jas qazaq: Кітап оқисыз ба?
Ә.Есенбаева: Көбінесе классик жазушылардың шығармалары ұнайды. Абай атамьздың өлеңдерін үзбей оқимын. Шетел әдебиетін де оқимын.

Jas qazaq: Келесі жылы өтетін республикалық байқауға дайындалып жатқан боларсыз? Күн тәртібінде өзгеріс бар ма? Байқауға қатысқан қатысушылармен қарым-қатынасыңыз қандай?

Ә.Есенбаева: Қазір көп уақытымды спортқа бөлемін. Алдағы уақытта дефилеге дайындық, ағылшын тілі курсы басталады. Сұхбат беру, түсірілімдер де күн тәртібіне енді. Байқауға 25 қатысушы іріктелді қой. Кейбірі карантин мерзімінің созылуына шыдамай, тұрмыс құрып кетті. Кейбірі түрлі себептермен байқаудан шығып қалды. Бүгінде байқауда танысқан 5-6 қызбен жақын араласамын.

Jas qazaq: Әр адамның арманы болады. Сіз нені армандайсыз? Өкшенізді басып келе жатқан қыздарға қандай ақыл-кеңес берер едіңіз?

Ә.Есенбаева: Ең алдымен оқуымды аяқтап, журналистика саласында жұмыс істегім келеді. 7-сыныпта кітапқа құмарлығым оянды. Сол кезде «балаларға арнап кітап жазсам» деген арман пайда болды. Ол арман әлі де бар. Болашақта бестселлер жазғым келеді. Ал өзімнен жасы кіші қыздарға айтарым – алдыға мақсат қойып, сол мақсатқа ұмтылу қажет. Ол үшін тынбай еңбектен. Еңбек дегенім – білім. Үйренуге, бір нәрсені білуге деген талпыныс.

Макпал
НОҒАЙБАЕВА

рухани байлық, мейірімділік бірінші орында болуы керек деп ойлаймын. Ал ана тілімізге келсек, біз отбасымызбен ана тілінде сөйлесеміз.



«Туған мен емес, анам ғой, мен содан туылым» дегенді жиі естиміз.

«Туылу» тілдік жүйеге сәйкес келеді. Алайда тіл білімінде узус деген ұғым бар. Узус деп тілдік жүйеге қайшы келсе де, тілдік дағдыға айналған қолданысты айтамыз. Бұған «туу» жатады. Мысалы, жиырмасыншы тұлғасының орнығуы – узустық көрініс. Оны біз жиырманшы деп өзгертпейміз ғой. Узустық құбылыс барлық тілде кездеседі. Татар, башқұрт және т.б. тілдерде «туу» қолданылады. Ал қырғыздар «туылу (туулу)» дейді.

Қазақ қашанда «тууды» қолданған. «Туылу» кейіннен сөздік қорымызға енді. «Тууға» байланысты мысалдар төмендегідей: 1) Атадан жаксы ұл туса, Елінің қамын жейді... 2) Туған ұлдан не пайда, қолына найза алмаса, атаның жолын кумаса?... (Махамбет Өтемісұлы) 3) Жас бала анадан туғанда екі түрлі мінезбен туады... (Абай Құнанбайұлы) 4) Бүгін менің туған күнім. Ой, пәлі-ай!... (Мұқағали Мақатаев) Орфографиялық сөздікте «туу» деп көрсетілген. Ырықсыз етіс жұрнағы жок. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде «туу» сөзіне төмендегідей анықтама берілген:

1) Босану, бала табу. 2) Ауыспалы мағынада – пайда болу, жарыкка шығу. «Туылу» емес, «туу» екенін айтып та, жазып та жүргендер жетерлік. Олардың ішінде «Туылған мен өлінген» атты макала жазған Мұхтар Мағауин да бар. Жазудағы бірізділікті сақтағанымыз дұрыс!

Қуаныш ЖҰМАБЕКҰЛЫ,

«Лингвистика» мамандығы бойынша философия докторы (PhD), Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының ғылыми қызметкері

ДӘРІЛІК ШӨН



Қазақ емшілігінде қолданылатын дәрілік шөптің бірі – жалбыз. Жалбыз туралы ел ішінде түрлі аңыз-әңгіме де көп.

Соның бірінде былай айтылады: ертеде бір мықты емші болыпты. Ол емдемеген ауру жоқ екен. Бір күні «Менің қолымнан келмейтін ем жоқ» деп жалпақ жұртқа жар салыпты. Мұны естіген бір қария: «Онда мен саған бір дауасыз дерт берейін, соны емде» депті. Емші келіседі. Содан қария бір семіз ешкіні сойып, емшінің жалғыз баласына ешкінің майы мен етін тойғанша жегізіп, тасбулақтың суынан шөлі қаңғанша беріпті. Бала суды ішкен соң, ішін ұстап домалапты. Әкесі қандай дәрі берсе де, қандай ем қолданса да, жалғыз ұлын ажалдан арашалай алмапты. Етегі жасқа толған емші баланың дертін анықтау үшін ішін жарса, асқазанына май тастай болып қатып қалыпты. Майды алып, қолын жуу үшін өзен жағасына келіпті. Қолындағы майды жалбызға қоя салған екен. Көзді ашып-жұмғанша әлгі қатқан май еріп кетіпті. Сонда емші «Жалғызым-ай, жалбыз берсем, жаның

Жалбыз - жанға дауа

қалғандай екен» деп жылапты. Бұл – аңыз. Аңыз түбі – ақиқат. Демек «жалбыз қырық түрлі дертке дауа» деген бұрынғылардың сөзі рас.

Жалбыздың биіктігі 80-100 сан-тиметр шамасында. Хош иісі аңқып тұрады. Сабағы төрт қырлы, өзегі қуыс, буынды. Жапырағы бір-біріне қарама-қарсы орналасып, сопақша, қандауыр тәрізді болып келеді. Жапырақ жиегі араның жүзі сияқты. Тау шатқалдарында, сулы аңғарларда, бұлақ-бастаудың басында, сазды жерлерде көп өседі.

Жалбызды қазақ емшілері қалай пайдаланған? Бұрынғы емшілер жалбыздың жер бетіне шығып тұрған бөлігін кесіп алып, дәріні содан жасаған. Естеріңізде болсын, тамырын пайдаланбайды. Жалбызды жазда, яғни гүл ашудан бұрын орып алып, көленке жерде кептіреді. Күн түсетін жерге қоюға болмайды. Көленкеде кепкен шөп ашы болмайды, усыз болып келеді.

Жалбыз қандай дертке шипа? Ол көп ауруға ем. Мысалы, ыстық тұмау тигенде, жалбыздың 9-10 грамын суға қайнатып ішу керек. Ал ерінге ұшық шығып, адамның бауыр, асқазан сияқты ішкі ағзасын ыстық шалғанда, тағы да 9-10 грамм жалбызды суға қайнатып ішуге де болады.

Жана туған сәбиге тұмау тиіп, денесі қызғанда, жас жалбызды (кепірілмеген) суға бұқтырып, 1 метрдей көп түсті матаны бұқтырылған суға шылап, баланы орап, үстіне көрпе жауып терлеткен. Осыдан кейін баланың дене қызуы түседі. Бұл да көнеден келе жатқан ем.

Жалбыздың тағы бір қасиеті – мұрыннан қан тоқтамай аққан кезде жас жалбызды жаншып суын шығарып, соны мұрынға тамызған. Егер кепкен жалбыз болса, оны қайнатып, суын мактаға шылап, мұрын қуысына тығу керек. Дәл осы әдісті құлақ ауруына да қолдануға болады. Қысқасы, жалбыздың құрамында адам ағзасына пайдалы табиғи дәрумен көп.

Ержан НҰРМҰХАНҰЛЫ,

Шығыс-қазақ медицинасының білікті дәрігері

Бас редактор — директор
Срайыл СМАЙЫЛ

Редакция алқасы:

Жарас КЕМЕЛЖАН жауапты хатшы

Ғалия ҚАЛИЕВА

компьютер орталығының жетекшісі

Тілшілер мен қызметкерлер:

Макпал НОҒАЙБАЕВА — арнаулы тілші

Әбдіманап КЕНЕС — жастар және ғылым

Кәмшат ТӨЛЕШОВА — терімші

Айдос ҚҰСАЙЫНҰЛЫ — web-caim

Аймақтағы меншікті тілшілер:

Байкен ҚӨБЕЕВ —
Ақмола және Солтүстік Қазақстан
облыстары (8 778 910 45 34)

Қажет АНДАС — Алматы облысы
(8 747 706 13 82)

Баян ЖАНҰЗАКОВА — Атырау облысы
(8 702 426 69 05)

Мәриям АЙТБАЙ —
Шымкент қаласы

Ернұр КЕНЖЕБАЙ — шолушы

Ұлдай САРИЕВА — Батыс Қазақстан облысы
(8 705 150 48 30)

Кезекші редактор
Макпал НОҒАЙБАЕВА

Шығарушы:

«Аманат Медиа» ЖШС

Директордың

орынбасары

Мейрамбек

ҚҰЛМҰХАМЕДОВ

Бас есепші

Расима

ӘКІМБЕКОВА

Редакцияның мекенжайы:

050012, Алматы қаласы, Мәуленов, 85 үй, №61 кеңсе, 3-қабат
(Бөгенбай батыр көшесінің қиылысы)
Телефондар: 8(727) 272-43-39; 272-43-25
Бухгалтерия: тел.факс: 8(727) 272-46-22 (жарнама бөлімі)

Газет «Дәуір» ЖШС РПИК
(Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17-үй)
тел: (727) 273-12-04, 273-12-54
Тапсырыс — №2240;
Бағасы келісім бойынша

Апталық таралым — 3000 дана

Газет Қазақстанның барлық аймақтарында таралады,
сондай-ақ «AitAstana» әуежайының ұшақтарында бар.

Газет 2004 жылы 14 желтоқсанда тіркелген.

2020 жылдың 19 ақпанында ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігі
Ақпарат комитетінде қайта есепке тұрып, № KZ23VPY00020470 күзәлігін алды.

Мақала авторының пікірі редакция көзқарасын білдірмейді.

Жарнама мәтініне тапсырыс беруші жауапты.

Газетте жарияланған материалдар мен суреттерді сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.